

НАУРЫЗ-СӘУІР

№2 (115) 2025

ШЕКАРАШЫ

қауіпсіздік қалқаны!

**ШЕКАРА
АРУЫ
-2025**



аға сержант Төлеуханова Назым

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің екі айда бір шығатын сараптамалық, публицистикалық және әдеби-көркем журналы



Бас редактор
Р.Нургалиев

Жауапты хатшы
А.Беимбетова

Компьютерлік бетті
безендірген И.Тұрманова
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы,
Лепсі көшесі, 63-үй
Тел. 57-00-38, 72-81-57.

Жарияланған материалдардың
дұрыстығы үшін автор жауапты.
Қолжазбалар рецензияланбайды
және қайтарылмайды.
Қалпы 60X84 1/8

Меншік иесі: Қазақстан
Республикасы ҰҚК Шекара
қызметі.

Журнал Қазақстан
Республикасы Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылдың
22 сәуірінде тіркеліп,
№ 2877 – Ж. куәлігі берілген.
2002 жылдың мамыр айынан
бастап қазақ және орыс
тілдерінде шығады.
Индексі 75984

Нөмірден
оқитындарыңыз :

- 2 | ЗАСТАВА ТАРЛАНДАРЫНА 15 ЖЫЛ
ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ, ШЕКАРАҒА ШЕП БОЛҒАНДАР
Ж.КЕМЕЛ
- 6 | ҮЗДІК
ШЕКАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТЕГІ МАҢДАЙАЛДЫ
М.ҚАРЕКЕНОВ
- 11 | ҚАС-ҚАҒЫМ, ҚАРВАЛАС
ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЕКАРА
БӨЛІМШЕСІ
Ғ.БАКЕТОВ
- 15 | БЕРЕГОВАЯ ОХРАНА
«СЕМСЕР» – СТАЛЬНОЙ КЛИНОК
КАСПИЯ
А.ЖАНАЛИПОВ
- 18 | «СӘТІ ТҮСКЕН СҰХВАТ»
ЗЕЙНЕП АХМЕТОВА: «МЕН АМАНАТ
АРҚАЛАП ЖҮРГЕН ЖАНМЫН...»
М.ҚАРЕКЕНОВ
- 23 | КЕЛЕЛІ СҰХВАТ
АНА ЖҮРЕГІ – БАТЫРЛЫҚТЫҢ БЕСІГІ
Е.ҚАЙРТАЙ
- 26 | БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ
ШЕКАРАДА АТЫЛҒАН ОҚ
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА
- 30 | ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ
ЗАЙСАН ШЕКАРАШЫЛАРЫ – ҰЛЫ
ЖЕҢІСКЕ ҮЛЕС ҚОСҚАНДАР
Ғ.БАКЕТОВ
- 33 | ҚАЗЫНА
ЖҮЗ ЖАСАҒАН АРДАГЕР
Ғ.БАКЕТОВ

36	МАЙДАНГЕР ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҚАРИЯ Р. НҰРМЕТ
38	ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ МЕНІҢ АТАМ – БЕРЛИН БАТЫРЫ НЕМЕСЕ ҰРПАҚ ҮНІНДЕГІ ҰЛЫ ЕРЛІК М. ҚАРЕКЕНОВ
41	ҮЗДІК МАМАН МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ – ЕФРЕЙТОР АЗИЗЖАН АХМЕТОВТИҢ БІР КҮНІ М. ҚАРЕКЕНОВ
44	БАЙҚАУ ШЕКАРА ТАРИХЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ БАЙҚАУ Ө. АЙТӨЛІ
47	ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ Е. ҚАЙРТАЙ
50	ЕҢБЕК АДАМЫ КӨК ТЕМІРГЕ ЖАН БІТІРГЕН М. ҚАРЕКЕНОВ
53	МАМАНДЫҒЫМ-МАҚТАНЫШЫМ ӨНЕР МЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАРҚЫН ҮЙЛЕСІМІ А. КӨЛБАЙ
56	СПОРТШЫ Лейтенант Тұрдақын Нариман ҮШІН ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ – ЕЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ, ХАЛҚЫНА АДАЛ ВОЛУ... М. ҚАРЕКЕНОВ
59	ҚОҒАМ АНА СӨЗІ – ЖҮРЕК СӨЗІ А. ЖЕКСЕНВИН
62	БІЛГЕНГЕ МАРЖАН Ерлік пен елдік үлгісі - Малайсары батыр Г. САДЫКОВА
66	ШЕКАРА НОВЕЛЛАЛАРЫ ЖӘНДЕЛІ ҚЫЗ... Т. ДӘУЛЕТБАЕВА



**ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ,
ШЕКАРАҒА ШЕП БОЛҒАҢДАР**

Әр ұрпақтың жады-
на алтын әріптермен
жазылатын, ел та-
рихында өшпестей із
қалдырған тұлғалар
мен ұйымдар болады.
Солардың бірі – биыл
құрылғанына 15 жыл
толған Шекара арда-
герлерінің «Застава
тарландары» Респуб-
ликалық қоғамдық
бірлестігі. Бұл ұйым –
көк байрағымыз көкте
желбіреп, шекарамыз
бүтін, елдігіміз берік
болсын деп, саналы
ғұмырларын шека-
ра шебіне арнаған ер
азаматтардың бей-
біт өмірдегі берекелі
жалғасы.

Жанар КЕМЕЛ
подполковник

Шекара – жай ғана ел шеті емес. Бұл – ел тыныштығының, мемлекеттіліктің, тәуелсіздіктің алтын дінгегі. Ал сол шекараны күзеткен ардагерлер – елдің еңсесі биік, ертеңі нұрлы болуына сүбелі үлес қосқан ерлер. «Застава тарландары» бірлестігі – осындай ерлердің басын біріктірген, ұлт жадысында мәңгілік сақталатын тарихи-рухани күш. Бұл ұйым – жауынгерлік сертке адалдықтың, азаматтық парызға берілгендіктің, елге деген кіршіксіз сүйіспеншіліктің көрінісі.

Ұйымның тарихы сонау Кеңес одағы кезіндегі КСРО МҚК Қызыл Тулы Шығыс шекара округі ардагерлер ұйымынан бастау алады. Осыдан он бес жыл бұрын отставкадағы генерал-майор Хусаин Берқалиевтің бастамасымен аталған идея жүзеге



асырылып, «Застава тарландары» деген мәртебелі атауға ие болды. Ұйымның алғашқы құрылымдық негіздері қаланып, Жарғысы мен құқықтық құжаттары бекітілді. Кейіннен бұл қасиетті жұмысты генерал-майор Тұрсын Уажанов алып жүрсе, 2024 жылдан бастап бірлестіктің тізгінін генерал-майор Мұхтар Сабидолданов ұстады.

Қазіргі таңда бірлестік құрамында 1200-ге жуық ардагер бар. Ардагерлер ұйымы – елдің алтын қорына баланатын нағыз қайсар жандар. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысының куәгерлері де бар, Ленинград блокадасының қаһармандары, шет елдерде бейбітшілік үшін тер төккен интернационалист-жауынгерлер де бар. Жалаңашкөл





мен Даман аралы сынды оқпен оттың ортасынан аман шыққан батырлар да, Чернобыль апатын жоюға қатысқан ержүректер де осы бір ұйымның қасиетті шаңырағында тоғысты.

Естеліктері қайсар қызметтің тарихына толы ардагерлер жауынгерлік қызметтің шеберлігінен еш айырылмаған. Олар үшін әскери форма – жүректе сақталған мөр секілді қасиетті. Бүгінде олар өз өмірінің ең қымбат жылдарын Отан күзетіне арнағандарын мақтанышпен айтады. Ардагерлер бірлестігі – сол қызметтің шежіресі ғана емес, өмірлік тағылым мектебі. «Застава тарландары» – жай ғана ұйым емес. Ол – бір отбасының мызғымас бірлігі, туыстыққа ұласқан достықтың мызғымас бекінісі.

Ұйымның бүгінгі тыныс-тіршілігі де ерекше мазмұнға ие. Оның құрамында еліміздің барлық аймағынан құрылған 15 құрылымдық бөлімше – 12

филиал мен 3 өкілдік жұмыс істейді. Бұл – әр өңірдегі ардагерлермен тығыз байланысты қамтамасыз етудің, олардың әлеуметтік мәселелерін дер кезінде шешудің тиімді жолы. Қоғамдық бірлестік ардагерлердің медициналық қолдауы мен еңбекке бейімделуіне де көмек көрсетеді. Ең бастысы – олардың еңбегі елеусіз қалмай, ел жадында жаңғырып отырады.

Ұйымның маңызды бағыты – жас буынды тәрбиелеу. Ардагерлер – жауынгерлік

өмірлерін мысалға ала отырып, жас офицерлер мен курсанттарға патриотизмнің мәнін ұғындырады. Олар шекара қызметінің қаһармандық беттерін, Отан алдындағы адалдықтың салмағын жүрекпен жеткізе біледі. Әрбір кездесуде олар тек әскери білім ғана емес, өмірлік тәлім береді.

Осы бір мерейлі дата – ұйымның ғана емес, бүкіл елдің жүрегінен орын алған мереке. Астананың дәл жүрегінде орналасқан «Ше-



карашылар» ескерткішінің алдында өткен салтанатты жиында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерге тағзым етіліп, гүл шоқтары қойылды. Бұл – жауынгерлік достық пен мәңгілік рухтың нышаны. Сол күні ел Тәуелсіздігі үшін тер төккен азаматтардың ерен ерлігі еске алынды.

Мерекелік шараның шарықтау шегі – «Застава тарландары – 15 жылдық даңқты жол» атты кітаптың тұсау-кесері болды. Бұл туынды – тек тарихи естелік емес, сонымен қатар, рухани құндылық! Өскелең ұрпаққа қалған шежіре. Кітаптың тұсауын генерал-майорлар Хусаин Берқалиев, Тұрсын Уажанов, Марат Мәжітов және Шынтас Утяпов секілді қадірлі тұлғалар кесіп, ел тарихының алтын парақтарына тағы бір бет қосты.

Сол күні әскери-тарихи музей қабырғасында өткен көрме де көптің жүрегін тебіrentті. Мұнда отставкадағы полковник С.Секриер жинаған, Ұлы Отан соғысы



жылдарындағы шекарашылар ерлігіне арналған сирек деректер ұсынылды. Бұл көрме – өткен мен бүгінді байланыстыратын алтын көпірге айналды.

«Застава тарландары» – ел рухының қорғаны, ұлттың ар-намысының сақшысы. Бұл ұйым – тек шекараны күзеткен жоқ, ұлттық бірегейлікті де сақтап қалды. Бүгінгі таңда олар жас буынды ерлікке баулып, елге адал қызмет етуге

үйретіп келеді.

Қымбатты ардагерлер, сіздердің өмірлік өнегелеріңіз – ұлтқа қалдырылған ең құнды мұра. Сіздер елдіктің ерен үлгісі, шекараның шынар тірегісіздер. 15 жылдық мерейтойларыңыз құтты болсын! Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасылық береке және сарқылмас рух тілейміз!

«Застава тарландары» – ел мен ерліктің мәңгілік ескерткіші болып қала бермек!



ШЕКАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТЕГІ МАҢДАЙАЛДЫ

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ
подполковник

Шекара қызметі – мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты қорғаны. Шекара қызметінде тапсырмаларды сәтті орындау тек әскери ұжымның үйлесімді жұмысына ғана емес, сонымен қатар сауатты басқаруға да байланысты. Подполковник Нұржан Керченев – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Қорғас шекаралық бақылау басқармасының «Нұр Жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімінің бастығы. Нұржан Серікұлы кәсіпқойлық пен көшбасшылық қасиеттерді және қарамағындағыларға деген терең құрметті, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды ұстанған идеал басшының жарқын үлгісі болып табылады.



САУАТТЫ БАСШЫ – ОТБАСЫНЫҢ МАҚТАНЫ

Подполковник Нұржан Керченнов Жетісу облысы, Алакөл ауданы Үшарал қаласының тумасы. Абай Құнанбаев атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, 2006-2010 жылдары ҚР ҰҚК Әскери институтында оқыған. Нұржан Серікұлының өміріндегі отбасының рөлі ерекше. Сүйген жарының түсінігі мен балаларының қолдауы оның қызметтегі табысты болуы мен тұрақтылығының ажырамас бөлігі болып табылады. Көптеген адамдар шекарашының әйелі болу көп күш пен жауапкершілікті қажет ететініне келіседі. Көптеген әйел адам үшін қызмет бабында бір мекеннен екінші мекенге қайта-қайта ауысып жүру, жолдасының көп уақытты жұмыста өткізу - қиынға соғатын мәселелердің бірі. Бұл тұрғыдан алғанда Нұржан Серікұлының жолы болды деуге болады. Жұбайы Мадина Серікқызы мейірімді жан болумен қатар, офицердің қиналғанда арқа сүйер жанашыры. Әрине оның шекарашының қызметіне әсері мол. Ол оның адал серігі болып қана қоймай, офицердің кәсіби өсуіне ықпал етері сөзсіз. Олардың айрандай ұйыған отбасында Айзере, Айсұлу және Айсұлтан есімді үш балапан тәрбиеленуде. Ұлы Айсұлтан, батылдық пен патриотизмнің үлгісі болып табылатын әкесімен мақтанады. Мадина іссапарларға байланысты жолдасының қасында көбіне болмауына қарамастан, күйеуін әрдайым Отанға қызмет етуге байланысты қабылдаған шешімдерін үнемі қолдады. Оның қамқорлығы мен түсіністігінің



арқасында Нұржан Серікұлы өзінің кәсіби міндеттерін толық орындауда.

Нұржан Серікұлының шекарашы офицер болып қалыптасуында оның ата-анасы Серік Рабатұлы мен Күлнар Тілепалдықызының рөлі ерекше. Олар бала кезінен ұлына Отанға деген сүйіспеншілік пен салт-дәстүрді құрметтеуді сіңіріп өсірді. Олардың өмірлік кеңестері мен жылы сөздері оны ҚР ҰҚК Әскери институтының курсантынан бастап Шекара қызметінің үздік жетекшілерінің біріне дейінгі жолда шабыттандырды. Ағайынды Ержан мен Қуаныш та оның өміріне маңызды қолдау көрсетіп, жұмыс пен өмірдің тепе-теңдігін сақтауға көмектесті. Отбасын қолдау Нұржан Серікұлына

тек көрнекті маман ғана емес, сонымен қатар үлгілі отбасы адамы болуға көмектесті. Ол отбасылық құндылықтар жеке өмірде ғана емес, жұмыста да маңызды рөл атқарады деп санайды. Бұл оған мансап құрып қана қоймай, біртұтас және тәртіпті ұжым құруға көмектеседі.

ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ СОҚПАҚТАР

Қызмет еткен жылдары ол кіші офицерден бастап басшылық лауазымдарға дейін көптеген қызметтік баспалардан жүріп өтті. Офицерлік өмірі әртүрлі лауазымдарда адал қызмет ету кезеңдерінен тұрды. Атап айтар болсақ, шекарадағы жолы «Ауыл» (теміржолдық) шекаралық

бақылау бөлімшесінде аға бақылаушы және шекаралық бақылау бөлімше бастығының орынбасары лауазымдарынан басталды. Содан кейін «Қоянбай» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы лауазымында қызмет атқарды. «Ақбалшық» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесі бастығының орынбасары, «Обаған» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы, «Найза» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы сияқты жауапты лауазымдарда болды. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаменті «Шербакты» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы лауазымдарында қызмет атқарды.

Абыройлы қызметінің арқасында басшылықтың қолдауымен 2021-2023 жылдары ҚР ҰҚК Шекара академиясының магистратурасында оқыды. Соңғы лауазымға дейін «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Алтынкөл»



(теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Өткен жылдың жаз айларынан бері «Нұр жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімшесі бастығы лауазымын атқарып келеді. Өзінің тәжірибесінің арқасында бөлімшесіне керемет нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін басқару жүйесін құра алды.

БӨЛІМШЕНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Подполковник Нұржан Керченовтың басшы ретінде жеке құрамды ынталандыру



арқылы бір мақсатқа жұмылдыра білетін қасиетін атап өтуге болады. Оның көзқарасы құрмет, тәртіп және жеке мысалға негізделген. Ол әрқашан бағыныштылармен қарым-қатынас жасауға ашық. Жеке құрамның пікірлерін тындап, қиын жағдайларда да тиімді шешімдерді ұсынады. Оның басшылығы мен күш-жігерінің арқасында бөлімше ұйымшылдығы мен үздік қарулас жолдастықтарымен құрметті. Әр әскери қызметшісі өз міндеттерін терең түсінеді және лауазымды міндеттерін жоғары деңгейде жүзеге асыруға жауапты.

Жеке құрамы кәсіби оқытудан өтіп, білімдері мен шеберліктерін үнемі арттырып отырады. Әскери ұжымы тактикалық жаттығуларға қатысатын жоғары білікті мамандардан тұрады. Подполковник Нұржан Керченев шекаралық бөлімдерде жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған бақылау және бақылау жүйелері сияқты инновациялық технологияларды енгізуге үлкен көңіл бөледі.

Қызметті ұйымдастыруда нақты кәсіби мамандар: бастықтың орынбасары майор Раматулла Сейдалым, майор Жәнібек Құрманғалиев,

бөлім бастығы майор Мақсат Шулғаубаев, капитан Назгүл Алмухамбетова, лейтенант Рамазан Баймұратовтар. Сонымен қатар, аға сержант Еділ Маметурдиев, прапорщик Александр Лалакин, кіші сержант Муслим Рустамов, кіші сержант Бауыржан Битимчинов, кіші сержант Арман Бектемиров, кіші сержант Елдос Шауменов, ефрейтор Нұрлан Сәрсенбаев, ефрейтор Даурен Умирбеков, ефрейтор Қуат Мангенов, сержант Адай Кобиков, ефрейтор Еламан Матайовтар. Бөлімде офицерлер мен сержанттардың ұжымды қызметтік міндеттерін адал атқаруға жұмылдырудың арқасында жағымды

атмосфера қалыптасқан.

Бөлім жедел тапсырмаларды орындауда айтарлықтай жетістіктерге жетті:

- мемлекеттік шекараны сапалы күзетуде;
- шекараны бұзудың, контрабанданың және адамдардың шекара арқылы заңсыз қозғалуының көптеген әрекеттерінің алдын алуда;
- жұмыс тиімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды енгізуде.

Жалпы күш - жігердің арқасында 2024 жылғы қызметтік-жауынгерлік қызметінің қорытындысы бойынша «Нұр жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімі шекара бөлімдері арасындағы үздік бөлім ретінде танылды. «Нұр жолы» (жолаушылық) шекаралық бақылау бөлімінің бастығы подполковник Нұржан Керченев «Шекараны үздік күзеткені үшін» медалімен марапатталды;

Шекаралық бақылаудың үздік маманы ефрейтор Еламан Матайов департамент біріншілігінің қорытындысы бойынша «Үздік бақылаушы» номинациясында I орынды иеленді.

Үздік кинологқа арналған жарыс қорытындысы бойын-





ша ефрейтор Ғабит Есмұрат «Үздік кинолог» номинациясында І орын алды.

ОФИЦЕРДІҢ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРІ

Подполковник Нұржан Керченев кәсіби маман ретін-

де ғана емес, сонымен қатар ерекше жеке қасиеттерімен де ерекшеленеді. Ол тәртіпті және батыл жауапкершілікті көрсете отырып, бағыныштыларына үлгі. Оның ұжымды ынталандыру мен күрделі жағдайларда шешім табудағы қабілеті ерекше.



ҚОРЫТЫНДЫ

Ең жақсы шекара бөлімшесі - бұл кәсіпқойлық пен тәжірибе ғана емес, сонымен қатар бірлігі жарасқан жеке құрам және тәжірибелі бастықтың басшылығымен үйлесімді жұмыстың нәтижесі. Нұржан Керченев пен оның қарамағындағылардың үлгісі жоғары кәсіпқойлық, жаңашыл көзқарас пен бірлігі - мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, шекараны қорғау бойынша қойылған міндеттердің тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

Суреттер шекара басқармасынан.

Ғалымжан БАКЕТОВ
майор

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Ақжар» шекара бөліміне қарасты «Қасым Қайсенов» атындағы шекара бөлімшесінің іргетасы сонау 1924 жылы қаланған. Сол кезде «В.Кондюрин» атындағы шекара заставасы 2019 жылы «Қасым Қайсенов» атындағы шекара бөлімшесі болып қайта өзгертілді. Содан бері аты аңызға айналған батырдың есімі мұндағы әскери қызметшілер шекара нарядына шыққан сайын аталып келеді.

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ

АТЫНДАҒЫ ШЕКАРА БӨЛІМШЕСІ





Шекара бөлімшесі Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ойшілік елді мекенінен оңтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде орналасқан. Бұл бөлімшенің шекарашылары Мемлекеттік шекара сызығы бойынша 7,8 шақырым жерді күзетеді.

ҚР Үкіметінің 2019 жылдың 18 сәуіріндегі №206 Қаулысына сәйкес, 13 тамыз күні Василий Кондюрин атындағы шекара заставасына Қасым Қайсеновтың есімі берілді. Ол - ШҚО Ұлан ауданы Асубұлақ ауылының тумасы. Халық қаһарманы, көрнекті жазушы, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған қайталанбас тұлға. Батыр атымен аталатын шекара бөлімшесінде қызмет ету абыройы ең үздік офицерлерге, таңдаудан өткен жауынгерлерге ғана бұйырған. Яғни, мұндағы шекарашылардың маңдайының бес елі бағы бар деген сөз.

Шекарашылар аты аңызға айналған батырдың атымен аталатын шекара бөлімшесінде қызмет етіп жүргендерін әрқашанда мақтан тұтады екен. Бұл туралы бөлімше бастығы аға лейтенант С.Болатов айтып берді.

«Шекара қызметі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан әскери дәстүрімен құнды. Қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекеттік шекараны күзетуге аттанарда жас сарбаздарға патриоттық тәрбиені дарыту мақсатында, қаһарман рухына тағзым ретінде ескерткіш жанында бұйрық беріліп, олар батыр рухымен күзетке аттанады. Кешкі жауынгерлік тексеруде де бірінші Қасым атамyzдың есімі айтылады. Бұл – күнделікті атқарылатын міндет», - дейді бізге берген сұқбатында бөлімше бастығы.

Бөлімше бастығы дегеніміз - сарбаздарын патриоттық

рухта тәрбиелеп, олардың жауынгерлік дайындығын шыңдап, шекара шебін қырағы күзету сияқты қасиетті міндетті жеке құрам болып орындауды үйлестіретін тұлға. Сондықтан болар бөлімше бастығы біздің алдын-ала дайындаған сауалымыздан бөлек, кейбір біз ойламаған дүниелерді қызықты етіп әңгімелеп берді.

«Заман талабына сай қазіргі таңда жауынгерлік қызметтің оңайы жоқ. Соның ішінде шекараны күзету жауынгерлерге қойылар маңызды талаптардың бірі. Барынша батылдық пен қырағылықты талап ететін, осы жауынгерлік тапсырманы абыроймен атқарып жүрген сарбаздарымды әрқашанда мақтап жүремін. Жауынгерлік дайындық әскери өмірдің бұлжымас заңы. Ол қорғаныс қабілетінің негізі. Даярлықтың жоғары болуы жауынгерлер рухының асқақ болуына ықпал етіп



шеберліктерін шындайды», - дейді аға лейтенант Сағыныш Болатов.

«Жақсы командир жауынгерлерін зор етеді, жаман командир жауынгерлерін қор етеді», - демекші Сағыныштың сөзінен қарамағындағы жауынгерлерге деген құрметтің зор екенін аңғардық.

Сарбаздардың жатын бөлмесінде жауынгерлер бұрышы бар. Мұнда батырдың ерлігін, ерекше қасиеттерін, қайсарлығын Отанға деген сүйіспеншілігін насихаттайтын, тәрбиелік мәні зор естеліктер,

кітаптар, суреттер батыр қолданған заттар, формасының көшірмесі (түпнұсқасы, басқа да заттары Өскемендегі этнография мұражайында тұр). Фуражкасы қойылған.

Қазіргі таңда «Қ.Қайсенов» шекара бөлімшесі барлық инфрақұрылымы бар әскери қалашық. Бөлімшеде шекарашылар үшін толық жағдай жасалған. Кең қазарма, жатақхана, спорт зал, кинология қызметіне арналған орын жай. Автокөлік бокстары, ат қоралар мен басқа әлеуметтік нысандар заманауи талапқа

сай. Әскери қызметшілердің жанұялары үшін бірнеше пәтерлі офицерлер үйі де көңілге қонымды етіп күрделі жөндеуден өткен. Бізге бөлімше жайлы мәлімет берген бөлімше бастығы шекара бөлімшесінің тұрмыс-тіршілігі туралы әңгімелеп, өздерінің атқарып жатқан жұмыстарынан хабардар етті.

Мұнда шекара бұзу дерегі соңғы рет 2010 жылдың 21 маусымында тіркелген екен. Бұл жолы көрші елдің азаматы Нихай Зюн, Томар елді мекенінің жанында ұсталған. Өзінің айтуына қарағанда адасып кетіп бағдарды жоғалтып алған көрінеді.

Мемлекеттік шекара бұзушының жүрген бағыты бойынша іздеу жүргізгенде таулы аймақта қызметтік жылқылардың пайдасы өте көп. Таулы аймақта шекара бұзушыны қуғындау кезінде тұлпардың қадірін анық сезінесің. Бабы келген аттың ебін таба білсең жарау ат сені діттеген жеріңе жеткізетіні





сөзсіз. Алысынды жақын қылатын төрт түліктің төресі болып келетін жылқыларды күтіп баптауды мұндағы шекарашылар дәстүрге айналдырған.

2024 жылдың қорытындысы бойынша біз әңгімелеп отырған бөлімше Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты шекара бөлімшелерінің ішінде қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша 1-орынды иеленген.

Шекара бөлімшесінің бастығы қызметін 2018-2023 жылдар аралығында майор Садыков Елдос Ережепұлы атқарған. Қазіргі таңда шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Болатов Сағыныш Ерікұлы. Ол Батыс Қазақстан облысының тумасы. Үйленген, бір қызы бар. ҚР ҰҚК Шекара академиясының 2020 жылғы түлегі. Атаулы бөлімшені әріптесінен 2023 жылдың маусым айында қабылдап алған. Жас офицер осыған дейін «Обалы», «Аққолқа», «Майқапшағай» шекара бөлімшелерінде бөлімше бастығының орынбасары болып қызмет атқарып келген.

Шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Алишер Паттаров. Шекара академиясының 2024 жылғы түлегі. Ол алғашқы қызмет жолын «Қасым Қайсенов»

атындағы шекара бөлімшесі бастығының орынбасары болып бастап отыр.

Алишер Паттаровтан мұнарадағы сақшының қызметі жайлы сұрағанымызда ол ойланбастан былай деп жауап берді:

«Сақшының міндеті санаулы сағат ішінде өзіне белгіленген аймақтан тірі жанды аттап бастырмау. Сырттан ішке, іштен сыртқа қандай да бір бөгде адамның өтіп кетуіне жол бермеу. Осының бәрін биіктен қадағалау бір көзбен қарағанда оңай көрінуі мүмкін. Алайда, қарауылдың қараусыз қалуына қақысы жоқ», - дейді ол.

Таулы аймақта елімізді сыртқы қауіп-қатерлерден қорғап отырған шекарашылардың ел белдеуін күзету қызметі ауыр да жауапты болатынын үнсіз ғана мойындау керек. Бөлімше ешқашан ұйықтамайды. Олар да демалыс жоқ дегені де шындық. Төңіректі бақылап тұрған сақшының бекеті мұнараның ұшар басына шығу, жаздың ми қайнатар ыстығы мен қақаған қыстың сары шұнақ аязында кірпік қақпай күзетте тұру оңай шағылатын жаңғақ емес. Ерекше және оқшау орналасқан бұл мұнара бекетінде ең үздік және шыдамды жауынгер ғана сақшының қызметін атқара алады екен.

Біз шекарашы офицердің әңгімесінен сарбаздардың Мемлекеттік шекараны тәуліктің кез келген уақытында қараусыз қалдырмайтынына көзіміз анық жетті.

«Бүгін бөлімшенің күн тәртібіне сай тазалық шаруашылық күні еді, соған байланысты сарбаздарға шартты демалыс уақыты белгіленді. Ел тыныштығын күзетіп, шекара беріктігін қамтамасыз ету жолында уақытпен санаспай қызмет атқарып жүрген жауынгерлердің жеке өмірінде орын алып жататын мұндай тіршілік ағымдары жұмыс жоспарына сай болып тұрады», - дейді бөлімше бастығының орынбасары.

«Ер есімі - ел есінде», «Ер елі үшін туады, елі үшін өледі» деген. Қасым Қайсенов - ұлт батыры. Қандай қиыншылық болса да Отан үшін от кешкен, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қайсар батырымыздың өмірі мен ерлігі кез келген жауынгер үшін үлгі. Олай болса, батырдың атымен аталатын бөлімше жауынгерлерінің осал болуға қақысы жоқ.

Отанымыз тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін күн-түн демей жауынгерлік тапсырмасын абыроймен атқарып жүрген Шекара қызметіндегі сарбаздардың еңбектеріне алғысымыз шексіз. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүргендердің мәртебелі қызметіне толайым табыс тілейміз.

«Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде бүгінгі оқиғаның маңызы өте зор. Себебі, біз бөлімшеге осындай даңқты ерлердің есімін берген кезде сарбаздарға қосымша рух беріледі. Сол себепті, мен халық қаһарманының есімі ел есінде болғанына қуаныштымын», - дейді батырдың туысы Көбеген Қайсенов.

«СЕМСЕР» — СТАЛЬНОЙ КЛИНОК КАСПИЯ



Асхат ЖАНАЛИПОВ
капитан

Более 13 лет несет боевую вахту в Каспийском море пограничный сторожевой корабль «Семсер» второго дивизиона береговой охраны Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области. За эти годы боевой корабль зарекомендовал себя как надежное и высокоманевренное судно, эффективно выполняющее задачи по защите морских рубежей Казахстана.

«Семсер» – это четвертый корабль казахстанского военно-морского проекта «Барс», полностью спроектированный и построенный на отечественном судостроительном предприятии «Зенит» в городе Уральск. По международной классификации он относится к пограничным кораблям второго ранга. Судно имеет водоизмещение 250 тонн и способно развивать скорость до 30 узлов, обладает автономностью в 10 суток и дальностью плавания до 1200 морских миль.

Руководит «Семсером» капитан второго ранга Рауан Кабдыкалимов – офицер с ярко выраженными лидерскими качествами. За плечами выпускника Санкт-Петербургского военно-морского института более 18 лет службы, из которых значительная часть – на различных корабельных должностях. Его уважают в коллективе за требовательность, справедливость и умение в нужный момент поддержать словом и делом. По словам коллег, Рауан



не просто командир, но и наставник и вдохновитель, сумевший сформировать из экипажа сплоченную и боеспособную

команду.

– Самым ценным ресурсом на борту всегда был и остается человек, – считает командир. – «Семсер» – это не только техника, это в первую очередь мой экипаж, каждый из которых – профессионал, достойно представляющий честь морской пограничной службы.

Под руководством Рауана Кабдыкалимова экипаж корабля неоднократно становился победителем в ведомственных соревнованиях и учениях. Так, в 2021 году «Семсер» был признан «Лучшим кораблем Департамента», а в 2023 году – «Лучшим кораблем Пограничной службы КНБ».

За 2024 год экипажем корабля было задержано 29 нарушителей пограничного законодательства, изъято свыше 84 тысяч метров браконьерских сетей и 15 тысяч метров крючьев. В естественную среду обитания было выпущено более 720 рыб осетровой породы и порядка 8





тысяч представителей частиковых видов. Общая сумма предотвращенного ущерба государству составила свыше 1,5 миллиарда тенге.

– Это результат системной работы и высокой личной ответственности каждого военнослужащего, – подчеркнул начальник управления береговой охраны капитан первого ранга Талгат Туребаев.

В числе лучших офицеров корабля командир особо отмечает старшего лейтенанта Армана Ермухамбетова – заместителя командира по электромеханической части, и старшего

лейтенанта Нурасыла Ыкласова – командира боевой части. Оба являются выпускниками Санкт-Петербургского военно-морского института и достойно продолжают традиции морских офицеров.

Среди старшин – старший моторист Руслан Айтжан, обеспечивающий бесперебойную работу главных энергетических установок судна, а также старший комендор Асылхан Сибек, чья меткость и дисциплина известны за пределами дивизиона.


Не остаются в тени и матросы срочной службы: кок корабля Акылбек Жанабай славится

своим мастерством на камбузе и отвечает за моральный дух экипажа не хуже офицера по воспитательной работе, а рулевые-сигнальщики Нурсултан Назаров и Арман Капаров – надежные глаза и уши корабля в любой обстановке.

«Семсер» в переводе с казахского означает «меч» – и действительно, этот корабль стал настоящим стальным клинком, прорезающим волны во имя защиты национальных интересов на Каспии. В его истории – сотни выходов в море, десятки спасенных жизней, тысячи километров патрулирования и слаженной работы вахт. Но за каждой цифрой – люди, чья преданность присяге и Родине не подлежит сомнению.

И пока над волнами Каспия развевается флаг Республики Казахстан, можно быть уверенными: граница на замке, а «Семсер» – на своем боевом посту.

Фото старшего лейтенанта
А. ЕРМУХАБЕТОВА.



ЗЕЙНЕП АХМЕТОВА:

«МЕН АМАНАТ АРҚАЛАП ЖҮРГЕН ЖАНМЫН...»

Халық қаһарманы Бауыржан Мошылұлының келіні, белгілі жазушы, қоғам қайраткері, қазақтың ұлттық дәстүрін насихаттаушы Зейнеп Ахметовамен кездесіп, әңгіме дүкен кұрудың реті түскен болатын.

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ
подполковник

- Қайырлы күн, Зейнеп апа! Сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін алғысымды айтамын. Бауыржан Момышұлындай батыр ағамыздың айтқан жастарға қатысты әскери қызмет пен дәстүр турасындағы ойлары жөнінде бөліссеңіз?

- Мен әскер туралы ешқашан сөйлеген емеспін. Ата, маған ешқашан соғыс жайлы әңгіме айтып көрген жоқ. Ешқашан. Есесінде халқымыздың сан ғасыр сарабынан өткен ұлттық қадыр-қасиеті, ұлттың ұлт болып қалыптасу тарихы жөнінде ғана әңгімелейтін. Балам мен сені сөз түсінеді деп саған айтсам ертен, сен өзің балана айтасың. Ол өзінің баласына айтады



сөйтіп, ең болмаса бір әулетте қазақтың иісі сақталсын дейтін. Өйткені ата нағыз ұлтының патриоты болған адам, ұлттың ар-намысы болған адам.

Қазақтың тілі үшін, қазақтың, қазақ дейтін халықтың ар-намысы үшін өмір сүрген адам. Сондықтан, өзімді мен аманат аркалап жүрмін деймін. Өйткені жаңағы атаның айтқан бүкіл әңгімесі, ұлағатты сөздерін өзімнен кейінгілерге, ұрпаққа, жеткізуге тырысып жүрген адаммын. Әрине, атаның алдына келгенге дейін де мен қаражаяу емес едім.

Мен уызыма жарыған адаммын. Өйткені таза қазақи тәрбиеде өскенмін. Анамыз солай тәрбиелеген. Әлгі айтады ғой, «басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады», - деп. Егер де сондай тәрбие көрмеген болсам, ата секілді қалыпқа сыймайтын қайшылықтардан тұратын адамға төзе қоюым, ол кісіге көну, ол кісінің бабын табуға тырыса қоюым, ай-қайдам, екі талай болар еді. Егер де тік бақай, мысалы, анау орысша тәрбиеленген болсам, кім біледі? Атам марқұм өзі өмірден өткенше қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын үкісін қисайтпай ұстаған адам болатын. Соны біздің де бойымызға сіңірді. Енді Алла Тағала солай бұйырған екен, дәм-тұзымыз бұйырып, бүкіл алты алаштың ардақтысы, иісі қазаққа ортақ адамның жаңағы қолына су құйып беріп, шайын қайнату бақыты менің маңдайыма жазылған екен.

Ал ол кісінің қасында жүріп, үлгі-өнеге алмау, ол кісінің әрбір сөзін мүмкін болғанша жаңағы, кейінгіге жеткізуге тырыспау - ол мүмкін болмас еді деп ойлаймын. Атам марқұм жаңағы үстелді тарс еткізіп ұрып көзіме тура қара дейтін. Алла сақтай көр, ол кісінің көзіне тура қарау - ана өртеніп

жатқан өртке секіріп кеткенмен бірдей. Сонымен әйтеуір, қорыққаныңнан, иығынан асырып, басынан асырып бірдене етіп қараймын. Сонда көзіме тура қара дейді.

«Алдыңда қазулы көр тұрса да, шындықты айтудан тайсалма!», - дейді. Құдайдың күдіреті, мен мінекей сол, кім болсаң сол бол, көзіңе тура қарап, сөзді ашық айтамын. Ана мәймөңкелеп анау-мынау деген жоқ бізде. Ата марқұм айтатын, «Қатарыңнан озсаң да, халқыңнан оза алмайсың. Халықтың алдында басыңды иіп жүр», - дейтін. Содан кейін айтатын: «Жақсы адамның жақсылығын айт, бірақ жағымпазданба!», - дейді.

«Жағымпаздық - бұл рухани құлдық», - дейді. «Жаман адамның жамандығын бетіне бассан да, жала жаппа!», - дейді. «Жала жабу - ол ғайбат, ол - күнә», - дейді. Енді былай қарасаң қарапайым сөздер. Бірақ, сәл айналдырып ойласаң қаншама терең мағына жатыр. Тіпті, том-том кітап оқудың керегі жоқ. Осы жерде қанша дүние жатыр?! Содан кейін ата айтатын: «Қайда барсаңдар да алдарыңнан шығамын. Мен өлген соң да тірілердің ішінде жүрем», - деп.

Сол кезде соны жөнді түсінбейтінбіз. Сөйтсем, енді қазір қара, мынау Қазақстанның қай түкпіріне барсам да, шынында да ата алдымнан шығады. Атаның атында көше, атаның атында мектеп, ата аттас кісі, атаның кітабы дегендей. Осылай, мінекей.

Ал күнде аты аталып тұрғаннан кейін, ол тірілердің ішінде жүрмегенде қалай? Аты өшпеген адам ғана, тірілердің ішінде жүреді, мінеки. Қазір ойлаймын, менің бір ғана артықшылығым сол: атаның әрбір қозғалысына дейін, әрбір сөзіне дейін, соны мүмкін болғанша жаңағы, қағазға күн-

делікке түсіре бердім, түсіре бердім, түсіре бердім. Ондағы ойым: «Япыр-ай, Алла Тағала маған осындай мүмкіндік беріп тұр. Бұл кісіні бір көруді армандаған адам қаншама? Бір көргенін ұмытпай аңыз қылып айтып жүрген адам қаншама? Оған қарағанда мен ертелі-кеш қасындамын ғой? Мен ол кісінің шайын қайнатып, қолымнан жасаған тамағымды беріп, қасындамын ғой? Ал сондай мүмкіндік болып тұрғанда, ол кісінің әрбір сөзін, қимыл-қозғалысына дейін жазып алып қалмасам, онда менің кім болғаным» - дедім. Ондағы ойым баласы жазушы. Кәдімгідей бір-екі кітабы шығып қалған кез. Кейін осы менің жазбаларым баласына керек болады - Бақытжан Момышұлына керек болады деп ойладым. Атаңның үйіндегі кейінгі апамыз қайтыс болғаннан кейін, атаны күту керек болды.

- Ол кезде Сіз жоғары оқу орнын бітірген жас маман шығарсыз? Қайда жұмыс жасап жүр едіңіз?

- Мен телестудияда жұмыс істеп жүрген едім. Қызметімді қалдырып, жұмыстан шығып кеттім. Сондағы ойым: «Мен әлі жаспын, жоғарғы білімім бар. Қай уақытта болмасын қызмет табылады. Ал мынандай бүткіл халықтың ардақтысы, бүкіл Алты алаштың ардақтысы болып отырған адамның қолына су құйып беріп, шайын қайнатып беру - бұл Алла Тағаланың менің ғана маңдайыма жазған бақыты деп түсіндім. Сөйттім де, кәдімгідей арызымды жаздым да жұмыстан шығып кеттім. Сонда атаның қолына біз көшіп келгенде мен бар жоғы 25 жастамын. Ержаным үш-ақ жаста. Қазір былай қарасам, 25 жастағылар дискотекада секіріп жүр...

Ол оңай болған жоқ, әри-

не. Атаның өзі айтқандай: «Көктемгі құбылмалы мінезім бар», - деп. Ата сондай ерекше жаралған. Алла Тағаланың бір ерекше жаратқан адамы. Қалыпқа сыймайтын көдімгі.

Ал бірақ соған тырысу, соны түсінуге, ұғуға тырысу: енді қазір ойласам, ол да ерлік болған екен деймін. Менің қазіргі айтып жүргендерім. Анау кітаптарым: «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты», «Теңбіл тіршілік», «Күретамыр» - мұның барлығы атаның аузымен айтылған әңгімелер. Атадан көргендер. Мен кәсіби жазушы емеспін.

Кәсіби жазушылар көбінесе қиялдан туғызады. Көркем әдебиет жасайды, көркем шығарма жасайды. Менде ешқандай көркем шығарма жоқ. Менікінің барлығы естелік эсселер. Бір ауыз жаңағылар қосылмаған. Бәрі шындық. Өйткені, архивпен күнделік негізінде жазылған дүниелер.

Кәсіби жазушылар, мысалы, бір тамшы судан саған теңіз жасап береді. Бір жапырақтан желек жасап береді, орман жасап береді. Менде ондай емес. Қалай бар, солай. Атаның көпшілік біле бермейтін. Мысалы үшін, атаны батыр ретінде, жазушы ретінде көп жазды бәрі білді. Бірақ отбасында ол кісі қандай әке еді, немересіне қандай ата? Келінге қандай қайын ата болды? Бұл тек қана, менің ғана көзіммен жазылды. Міне, сондықтан да жаңағы «Шуақты күндер» осы күні бүгінге дейін 11 рет баспа бетін көріпті. 11 рет шығыпты. Ол менің мықтылығымнан емес. Ол менің кереметтігімнен емес. Оның барлығы мына әлі күнге дейін атаны аңсайтын, атаны сағынатын халықтың, елдің ниеті. Солардың жүрегінен таралып жатқан шуақтың маған да тиіп жатқан кішкене әсері. Бұлай қарасаң кімге кім

келін болмай жатыр?! Осы Зейнеп апанды он орап, жүз орап алатын талай қазақтың мықты, өнегелі келіндері, аналары Құдайға шүкір жетерлік.

Бірақ оларды өзінің ғана айналасы болмаса, ешкім біліп айтпайды. Ал мен көшеде келе жатсам, бәрі таниды. Өлгі бір қызық сөз бар еді: «Қасқыр айтады дейді, мен ешкімді танымаймын, мені бәрі таниды», - деп. Міне, сол сияқты бұл атаны ардақтаған, атаны пір тұтқан қазақтай ұлы халықтың сол мені де тәбәрік көргені. Сол кісінің алдында жүрген қызметін істеген келіні еді ғой. Күнде дидарын көріп, күнде дауысын естіген еді ғой деп, мына қазақ сол үшін ғана ырым қылады.

Өйтпесе, менікі «Күріш арқасында күрмек су ішіпті», - дейтін әңгіме. Ол атаның келіні болып, атаның атына лайық болып, халықтың алдында жүру – ол оңай емес. Өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Онсыз да белгілі адамдар өзі нысанада тұрады. Оның істегенінен дақпырты көп болады. Сәл қисайса, құлап қалыпты деп айта салады. Құлап қалса, өліп қалыпты деп айта салады. Сөзге жақын ғой адамдар. Сондықтан жаңағы ата туралы сөйлегенде, ата туралы жазғанда тейтімдей қисайтып, немесе қоспа қосуға маған болмайды. Олай болмайды. Біріншіден, мен атамның туған келінімін. Менің көз алдымда атаның қаншама уақыты, қаншама сәттері өтті. Мен оның барлығын көрдім. Ал енді әйтеуір, сырттай бірденені ұғып алып, дақпырттап жаза беретіндер бар. Өтірік жазатындар көп.

Әрине, кімге, кімнің ауызына қақпақ боласын? Қайсы бірімен арпарысып жатасын?! Сондықтан мен мүмкін болғанша жаңағы атаның артында қалған өнегелі сөздері, ақыл-кеңесі,

іс-әрекеті, соның барлығын «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты», «Күретамыр», «Теңбіл тіршілік» кітаптарында жаздым. Соның барлығы атадан қалған мұралар. Мен соны тек әдемілеп қана әңгімелеп шықтым. Ол жерде өңкөй естелік эсселер.

- Сіздің жазған шығармаларыңызда патриотизм қалай көрініс табады?

- Менің жазған кітаптарым естелік эсселерден тұрады. Бірақ енді сол қарапайым әңгімелер ішінде қаншама үлкен дүниелер жатыр?! Қаншама! Мысалы, біз мына ұлттық намыс дегенді кейде ол бір жоғары, бір биік-биік сөздермен солай-былай деп сөйтіп жаңағы көтереміз келіп... Ұлттық намыс дегеннің өзі ұлттық патриоттыққа барып тіреледі өзі. Енді осыны бірі патриоттық десе, көбі түрлі бір әскери нәрсемен байланыстырады. Немесе бірі соғыс бірдемемен, сондай бір нәрсемен байланыстырады. Олай емес!

Олай емес. Мысалы, қараңыз, ауылда жүргенде кез келген ұл болсын, қыз болсын ауылда жүргенде. Әй, анау, пәленшенің баласы ғой деп, әкесінің атымен атайды. Түгеншенің қызы ғой деп, сөйтеді.

Тіпті болмаса, ана, пәленшенің інісі, түгеншенің қарындасы деп ары кетсе, ағаларының немесе ағасының атымен атайды. Көрдің бе? Ауылда сүйтіп айтады. Енді сол қырық қадам аттап шығып, пойызға отырып, самолетке отырып былай кеткенде, оның жаңағы көкесі де Жәкесі де, Бәкесі де ауылда қалады. Оны ешкім, оның қызы екен, ананың ұлы екен деп айтпайды.

Енді, кім дейді? Қазақтың қызы дейді, қазақтың баласы дейді. Сонда сен бірден мойнына ұлттың міндетін, ұлттың парызын аласың. Егер де сен

отынның басында ата-ананды ардақтаған болсаң, аулында жүргенде текті бала болған болсаң, текті қыз болған болсаң, ол сенің ұлтыңның абыройы ғой. Міне, патриоттық сезім деген қайда жатыр?!

Ол ана отынның басынан басталады, «Отан – отбасынан басталады» деп бекер айтпайды ғой. Көрдің бе, қарапайым. Ал енді сол жаңағы қыз, бір әп-әдемі болып жүрсе, сонда ой, шіркін! Ана қазақтың қызы мына үлкеннің алдынан кесіп өтпейді. Бұлардың тегі жақсы, тәрбиесі жақсы дейді. Егер де сол қыз бір жаман тірлік істейтін болса, ой оңбаған, ана біреу қазақтың қызы дейді. Жаңағы бір шөп желкенің істеген жаман қылығы бүткіл қазақтың қыздарының бетіне келіп жабысады.

Ұлдар да солай. Мысалы үшін, анау, фигурист Тенді бір сүмелек ақша үшін, тиын-тебен үшін ғана өлтіре салды. Сонда бүкіл дүние жүзі не дейді? «Қазақ өлтірді», - деді.

Оның атын-атаған жоқ. «Қазақ екен өлтірген», - деді. Көрдің бе қандай? Сонда келді дағы ұлттың бетіне шіркеу болды. Ұлтқа жаман атақ келді. Ол сонда, патриоттық сезім дегенде, ең алдымен сен әні өзіннен бастауың керек. Қалай жүріп тұрасың, айналаңмен қалай қарым-қатынас жасайсың? Ата-ананды қалай қадірлейсің? Қалай сыйлайсың? Содан ауылың, әрі қарай сөйтіп кете береді өзі. Ол бір қолға қару алып шапқылап сол ғана патриоттық деп түсінетіндер бар кейде. Ол олай емес. Ол ең алдымен сенің ар-намысың. Міне, ата бізге осыны үйретті. Осыны түсіндірді.

Кілең осындай қарапайым мысалдар арқылы ұқтырып отырды. Қарапайым мысалдар арқылы. Мысалы үшін, ауылға барғанда ең алдымен кішкентай балалар бар ғой. Осы кішкентай

балалардың жаңағы мандайынан иіскеп, арқасынан қағып алдымен соларға сәлем береді.

Аталар мен әжелерге содан кейін сәлем береді. Содан кейін мен сұраймын ғой. Неге, ата алдымен, анау кішкентайларға сәлем бересіз?, - деп. Сөйтсем, айтады: «Бұл бүгінгінің кішісі - ертеңінің үлкені. Олар біздің болашақ-келешегіміз дейді. Осылай атасының сәлем бергені олардың естерінде қалатын болады. Ертең олар да солай істейтін болады», - дейді. Ал ата-әжелер, олар біздің тарихымыз, өткеніміз бен анау болашағымыз дейді. Көрдің бе? Қаншама қарапайым нәрсе. Жаңағы кішкентай ғана мысалда қаншама дүние жатыр?! Сондықтан, жаңағы ұлттық намыс, патриоттық сезім дегенде сондай бір үлкен бірденелер іздеудің керегі жоқ.

Ең алдымен сен өз басыңның тектілігі, өз басыңның тәрбиесі, ата-анан, одан ауылың, өстіп әрі қарай кете береді. Содан кейін, бір ауыз қазақша сөйлей алмай, мен патриотпын дейтіндер бар. Ол мінеки, бұл ұғымға мүлде қайшы нәрсе. Егер де сен сондай патриот болатын болсаң, ең алдымен сен ананның тілін, ұлтыңның тілін қадірлеші, ең алдымен.

Тіл болмаса ұлт та болмайды ғой. Тіл болмаса ұлт та болмайды! Жеке атауға ие болатын ұлт болу үшін, ең алдымен сенің тілің болу керек қой. Мінеки!

Бұл да өте үлкен патриоттық сезім, жаңағы. Енді қазір ұлттың ұлттық қадыр-қасиеттеріне жан жақтан шабуыл бар. Әсіресе, мына әсіре діншілдер ұлттық дүниелерге көп шабуыл жасап жүр. Өте көп шабуыл жасап жүр. Бұлар дінді ұлттың үстіне шығарғысы келеді. Егер де дін ұлттың үстіне шығатын болса, онда ұлт жойылады.

Ол қалай? Әрбір адам ұлтымен бірге туылады. Сен қазақ

болып туылдың, анау ағылшын болып, анау қытай болып, анау орыс болып туылды. Ал дін содан кейін келеді ғой, айналайын-ау. Ол сенің өзіңнің есеуің, ішкі жан-дүниенің, сенімі. Сенің Құдайды іздеуің, солай. Ұлт біреу-ақ. Әр адамда ұлт біреу-ақ. Ал дін толып жатыр.

Қазір христиан дініндегілер, ертең ислам дінін қабылдай салады. Қазір ислам дініндегілер ертең басқа болып кете береді. Ал ұлтты осылай жасай аласың ба? Сен мың жерден ағылшынша сайрап тұр, орысша қақсап тұр, арабша аңыратып тұр, бірақ сен - қазақсың. Тіпті бір ауыз қазақша білмесең де сен қазақсың! Өйткені, ұлтты өзгерту мүмкін емес. Міне, қайда жатыр жаңағы патриоттық сезімнің бір бұрышы.

Олай болатын болса. Оны дінге сену дейді. Дінге емес Құдайға сен. Құдайға сен. Өйткені дін толып жатыр. Құдай біреу ғой. Мейлі, сен оны жаратқан де, жасаған де, Алла де, басқа де, бірақ бір ұлы күштің бар екенін кез-келген адамның жүрегі сезеді. Басқасын былай қойғанда.

Қазақ халқы ешқашан Құдайын ұмытқан жоқ. Бірақ, қазақ фанатик емес. «Құдайсыз қурай сынбайды», - дегенді осы қазақ шығарған. Том-том кітап оқудың керегі жоқ, соны айландырып, былай түсінуге тырыссақ. Сол жерде бәрі тұр. Көрдің бе?! Құдайсыз қурай сынбайды!

Содан кейін, «Өлімнен ұят күшті» - дейді. Біздің халық ұят деген сөзбен тәрбиеленген. Міне, аталардың ерекше болып, бір үлкен тарихи кезеңде бүткіл сол аталардың әлемге атының кетуі аталардың бойында жаңағы ұлтқа деген, өзінің ана тіліне деген, еліне-жеріне деген сезімнің жоғары болуы. Міне, саған патриоттық сезімнің ең жоғарғы сатысы!

Көрдің бе, оны басқа жерден

іздеудің керегі жоқ. Қазір енді, анау тіл-тіл деп өздерінше тіл жанашырлар, содан кейін тілге байланысты енді қыруар ақша бөлінеді. Миллиондаған ақша бөлінеді. Бірақ содан тілдің көсегесі көгеріп жатқан жоқ.

Өткені, сонымен айналысатын тіл жанашырлары болып жүргендер. Бір кітаптарды шығарады, шарларды іліп бір шаралар жасайды. Концерт қояды. Үйтеді-бүйтеді. Көке-тайым, одан тілдің көсегесі көгермейді. Содан кейін, өз елінде, өз жерінде отырып, тіл комитетін құру, тіл қоғамын құру – ұят нәрсе ғой шынына келгенде. Намысқа тиетін нәрсе. Біз осыны аңғармаймыз. Қыруар ақша бөлінеді. Бір орыс қазақша сөйлесе, оған барлығы Құдай салмасын болады. 70 жыл бойы бүткіл қазақ орысша сөйледі, қуанған бір орысты көргеміз жоқ қой, шындап келгенде.

Енді бұрын орыс бола алмай әлекке түсіп едік, қазір енді ағылшын бола алмай әлекке түсіп жатырмыз. Араб бола алмай әлекке түсіп жатырмыз. Шындап келгенде, сен бәрібір мың жерден солардың тілін, солардың дәстүрін керемет білсең де, олар сені ағылшын деп немесе араб деп қабылдамайды. Сен қазақсың!

Жаңағы қайта айналып, сөзіме келейін - ұлт біреу-ақ! Ұлт біреу-ақ! Дін көп. Көрдіңіз бе?! Сондықтан, мынау, әсіре діншілдердің істеп жүргені - тікелей ұлтқа қарсы тірліктер. Өйткені олар, қазақтың атам заманнан келе жатқан салт-дәстүр, әдеп-ғұрпын жойғысы келеді.

- Ендігі кезекте балалық шағыңыз туралы айтып өтсеңіз?

- Қазақта сөз бар: «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағарды», - деген. Мен мақтанып тұрып айтамын мен уызыма

жарыған адаммын. Мен өте үлкен, өсіп-өнген отбасында өстім. Әкем кәдімгі мықты дәрігер болды. Ал анам тілге шебер суырып салып жаңағы өлеңменен ойын жеткізе салатын, анау жыр қиссаларды жатқа айтатын, жатқа білетін кісі еді.

Мінеки, сол тәрбиені көргендіктен ата секілді күрделі адамның алдында төзуім де сол ата-анамның тікелей тәрбиесі. «Жасында көргені жоқтың, өскенде айтары жоқ», - дейді. Егер де мен жасымда соның бәрін көрмеген болсам, ол атаның алдында төзуім мүмкін болмас еді. Көрдің бе? Сондықтан жатқан жерлері жайлы болсын, ата-анамның тәрбиесінің арқасы. Ол ең алдымен кез-келген ата-ананың тәрбиесі. Әсіресе, қызға. Қандай тәрбиеде өстің келін болып барған жерде көрінеді? Тәрбиеде кемдік болды ма? Жоқ, жақсы тәрбие алды ма? Келін болған кезде сол көрінеді. «Құдайға шүкір, ата-анама рахмет!», - деген сөзді атадан естідім мен. Кейін айтты соны маған арнап. Өйткені, мен сол анамның, үйреткенінің барлығын атамның алдында істеуге тырыстым. Анам марқұм он құрсақ көтерген екен. Тоғыз ұл, бір қыз. Оның бесеуі кішкентай кезінде шетінеп кеткен. Біз бесеуіміз аман-есен өстік. Мен төрт ұлдың ортасында өстім. Шешем марқұм маған көз тиеді деп, еркек балаша киіндіріп қояды екен. Содан асық аттым, ләңгі тептім, танаға міндім. Атқа мінуді күні бүгінге дейін аңсаймын. Мен сондай өр болып өстім. Балалармен төбелесетін жерде төбелестім. Бірақ, анам марқұм жаңағы аялы алақанымен аялап отыратын да, сол аялы алақан лезде жұдырыққа айналып шыға келетін. «Ой, албасты. Жалғыз болсаң, өзіңе жалғызсың! Қылығың жалғыз

болмайды барған жерінде. Маған сөз келтірейін деп пе едің» - деп, ұрысу керек кезде ұрысатын. Ерте бастан қыз балаға істеу керек тірліктің барлығын үйретті. Кейін тұрмысқа шыққан кезде мен қиналған жоқпын.


Тамақ жасау, үй ұстау дегенде ешқандай қиналмадым. Келдім де, үй жұмыстарын істеп кете бердім. Бұның барлығы сол отбасымның үлкен тәрбиесі. Әсілі, балаға аспаннан түскен тәрбие жоқ.

Бала ұл болсын, қыз болсын, дәл мұнандай болу керек деп, тақ ете қалыпқа салғандай айта салатын тәрбие тағы жоқ. Оның барлығы, ата-ананың ынтымағы, ата-ананың татулығы. Жартыны жарып жеген, бүтінді бөліп жеген ынтымағы - соның барлығы балаға тәрбие екен. Мысалы, анамыз әкең келе жатыр дегенде, ойбай шашылып жатқан ештеңе жоқ па? Айналамызды жинастырып, әлек болатынбыз. Сонда біздің әкеміз бір отырсаң - опак, тұрсаң - сопак жасайтын қатал адам да емес.

Бірақ та анамыздың әкені соншалық сыйлауы, қадырлеуі бізге - балаларға миына сіңетін. Бір жаққа барамын деп сұрансаң, тұра-тұр әкеңе айтайын дейді. Бір нәрсе керек десең, папаңнан сұра, әкеңнен сұрайын дейді. Сонда соның барлығы біздің бойымызға сіңгендіктен кейін біз де сол азаматымызды сыйладық. Тура анамыз секілді. Бұл тәрбие деген тек қана айтудан емес, көрсетуден. Көріп өстік. Әкемізді анамыз қалай сыйлады. Ал соншалықты сыйлап тұрғаннан кейін, әкеміз де анамызды алақанында ұстады. Осындай тәрбиеде өстім мен. Өлгі уызыма жарығанмын дейтінім сол!

- Қызықты сұхбатыңызға үлкен рахмет!

Суреттер жеке мұрағаттан.



АНА ЖҮРЕГІ – БАТЫРЛЫҚТЫҢ БЕСІГІ

Ердос ҚАЙРТАЙ
лейтенант

Жақында тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан қатонқарағайлық Раджан Батыркановтың анасымен аз-кем әңгімелескеніміз бар. Ол кісі Семейде, кіші ұлының қолында тұрады екен. Кенжесі Самат та ағасының жолын қуып, қазіргі таңда ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты басқармада қызмет атқарып жүр...

Ақжаулықты ана Қизат Батырканова айдың-күннің аманында ұлынан айырылып қаламын деп ойлады ма?! Әскерде жүрген Раджан 1994 жылы тәжік-ауған шекарасына кетіп бара жатқаны туралы анасына тіс жарып айтпаған да. Ана көңілі алаңдамасын дегені ғой... Содан бері сыныптай сырғып, отыз жылға жуық уақыт өтіпті.

— Мектепті бітіре сала әскерге аттанды. Ұлым Қатонқарағайда Е.Рыков атындағы мектепте оқыды. Сабағы да, тәртібі де жақсы еді. Сыныптастары арасында да сыйлы болды. Әдеби кітаптардан бас алмайтын. Ағалары «өлгі оқымысты қайда?» деп іздейтін де жүретін. Сурет салатын, волейболға баратын. Бірақ тұйықтау еді. Есімде, 11-сыныпты бітірген жылы бір баланың өмірін құтқарып қалды. Қалай дейсің ғой, кешкісін ауруханада жатқан ағасына тамақ апарып келе жатып, саябақ ішінен қашып шыққан балаларды көреді. Сөйтсе, сол жерде біреуді пышақтап кетіпті. Кімдер екенін ұмытыппын. Раджанымның қамқорлығы ғой, топпен бірге ілесе қашпай, жанындағы досы екеуі әлгі жараланған баланы көтеріп алып, жолай кездескен көлікпен ауруханаға жеткізген.

Ол әскери борышын өтеуге іргедегі Күршімге барды. Жақын жер деп қуандық. Алты айдан соң үлкен ұлыммен бірге барып қайттым. Бір күн қасымда болды. Бұл соңғы көруім екен. Күршімнен анау Тәжікстанға кетіп қалады деп кім ойлаған?! Ағаларымен ақылдасып, маған айтпаған. Тәжікстанға кеткенін білген де жоқпын. Бір сөйлескенімде, «телефонмен сөйлесуге шақырмаңыз, хат жазбаңыз, Алматыға волейболдан жа-

рысқа кетіп барамын. Сол жақта кідіретін болуым керек», - деді. Ағаларына «барлық тактикалық жаттығулардан өттім, уайымдамаңдар. Келген соң жоғары оқу орнына құжат тапсырамын», депті. Мен үйге сүйекті әкелгенде ғана баламның Тәжікстанда болғанын білдім, — дейді ақжаулықты анамыз. — Міне, тәжік еліне рахмет! Алғыстарын айтып неше жыл өтсе де, ұмытпай ұлықтап жатыр ұлымды. Оның үстіне, Тәжікстанда ұлымның атында бір мектеп, бір көше бар екен.

Бізде ше? Қатонқарағай ауылында Р.Батырқанов атында көше және түкпірдегі Шыңдығатайда застава бар. «Халық Қаһарманы» атағын беру туралы ұсыныстар айтылғанымен, нәтиже жоқ әлі. 1994 жылы «Шыңдығатай» деп аталған сол кездегі шекара заставасында өзінің Отан алдындағы борышын өтеп жүрген жерінен өз еркімен тәжік-ауған шекарасына аттанған. Онда қызмет ету — әрбір жауынгер үшін үлкен құрмет.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен, ТМД-ның сыртқы шекараларын қорғау кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлық үлгісі үшін кіші сержант Раджан Батырханов қайтыс болғаннан кейін ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды.

— **Қизат апай, ұлыңыз Раджан Батркановтың есімі халық жадында. Оның ерлігі мен өмірі туралы естіген сайын қандай сезімдесіз?**

— Раджан — менің мақтанышым, жүрегімнің бір бөлшегі. Оның ерлігі халыққа үлгі болып, шекарашылар оны әрдайым еске алып отырады. Ұлымның есімін құрметтеп, батыр деп ардақтайтыны мен үшін үлкен жұбаныш. Әр ана

баласының ерлігін мақтан тұтады, бірақ мен үшін бұл мақтанышпен қатар жүректегі сағыныш...

— **Сізді жыл сайын ерекше күндерде құрметтеп, арнайы шараларға шақыратынын білеміз. Бұл сіз үшін қаншалықты маңызды?**

— Иә, шекарашылар мені әр мерекеде ұмытпай, арнайы шақырып, құрмет көрсетіп жатады. 8 Наурыз менің туған күніммен тұспа-тұс келіп отыратын әйелдер күніне орай және Шекарашылар күні қарсаңында құттықтауларын алып отырамын. Бұл — мен үшін ғана емес, баламның рухы үшін де үлкен құрмет. Жуырда Абай облысының әкімімен болған түскі асқа шақырды, бұл мен үшін ерекше оқиға болды.

— **Батырдың есімін ел есінде сақтау үшін қандай шаралар жасалып жатыр?**

— Ұлымның ерлігін насихаттау үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Оның атымен әскери бөлімшелерде еске алу шаралары өткізіледі, шекарашылар жаңа сарбаздарға оның ерлігі жайлы айтып береді. Бұл — мен үшін үлкен медет.

— **Осы құрмет сізге қандай сезім сыйлайды?**

— Батырдың есімі ешқашан ұмытылмайтынын сезіну — мен үшін ең үлкен марапат. Шекара қызметінің әскери қызметшілері оны әрдайым еске алып, құрмет көрсетіп келеді. Әр мерекеде арнайы құттықтауларын жолдайды, бұл менің жүрегімді жылытатын жайт.

— Сізге алғысымызды білдіреміз, ұлыңыздың ерлігі мәңгілік!

— Рақмет, ең бастысы — еліміз тыныш, шекарамыз берік болсын!

Бойларында патриоттық



рухтары бар өскелең ұрпақ барда батырларымыздың аты өшпейді. Солардың бірі Раджанның жасаған ерлігі – шекарашылардың Отан үшін отқа түсуге дайын екенінің айғағы.

ТМД аумағына үлкен қауіп төнгенін байқаған мемлекет басшылары 1993 жылдың қаңтарында шұғыл жиналыс өткізеді. Кеңесе келе, шекараны бірге қорғау туралы шешім шығарып, сарбаздарды сапқа тұрғызған. Тәжік-ауған шекарасында болған ардагерлердің айтуынша, «Қазбатқа» жауынгерлік дайындықтан өткен кіл мықтылар топтастырылған. Өйткені олар бақайшықтарына дейін қаруланған әккі содырлармен соғысуға аттанып жатты. Сол уақытта шекарадан ірі көлемде есірткі заттар өткізіліп, заңсыз әрекеттер жиілеп бара жатқан. Тәжікстанның оңтүстік шекарасында оқтын-оқтын оқ атылып, қарулы қақтығыстар болып тұратын.

1994 жылдың 28 қыркүйегі. Гаюра мен Қарақол лаңкестері елді дүрліктіріп тұрған кезі. Үкіметтің 30 шақты әскерін тұтқынға алған лаңкесшілер

кешкі сағат бестер шамасында шекарашылар бекінген елді мекеннің маңынан өтіп бара жатып, комендатураға оқ атады. Олар шекара арқылы көрші елдің аумағына өтпекші болған. Оны сезген комендант Анатолий Михеев жеке құрамды көтеріп, содырлардың соңына түскен. Қосымша күш жеткенше лаңкесшілерді кідіртпек болғандары ғой. Бірақ бұл кезде кезекшілікке шығып кеткен заставаның сарбаздары Хакимнің содырларымен бетпе-бет келіп қалған. Күштің басымдығын байқаған қарсы жақ жолда көлденең тұрған шекарашылардың БТР-ын алмақ болады. Застава бастығы лейтенант К.Селюк қолға қару алмас бұрын ымыраға келгісі келген. Жанына кіші сержант Р.Батырхановты алып, банда басшысымен сөйлесіп көреді. Көнгісі келмеген содырлар К.Селюкке жұдырық жұмсайды. Жағдайдың күрделеніп бара жатқандығын БТР-дың үстінен байқап тұрған Асқар Қаңтарбаев «доғармасандар, пулеметтен оқ боратамын» дегендей содырларға ишарат жасайды. Содырлар көнген

сыңай танытып, алыстай бере Р.Батырханов пен К.Селюкке оқ ата бастаған. Раджан сол сәтте-ақ бесеуін жер жастандырған. Енді бірін сарбаздарға қарай гранат лақтырғалы тұрған жерінде сұлатып түсірген. Бір кезде Раджан өзінің командиріне жаудың қаруы бағытталғанын көреді. Раджан автоматты бірден соған кезейді. Қарсылас та қарап тұрсын ба, атқан оғы Раджанның жамбасына тиіп, күретамырды үзіп өтеді. Жараланып жатқанымен, атысты тоқтатпайды. Тоқтаса, жоғарғы жаққа бекінген сарбаздарды содырлардың жайратып тастауы әбден мүмкін екен. Дұшпандар әлсіреген кезде К.Селюк өз өмірін құтқарып қалған сарбазын арқалап, майдан даласынан алып шығады. Тікұшаққа жеткенімен, 19 жастағы қайран жігіт көз жұмады.

Мінеки, «ҚАЗБАТТЫҢ» кайсар да қырағы әскерлерінің арқасында тәжік елінде бейбітшілік орнады. Оның ішінде Раджан Батркановтың жанкешті ерлігі ерекше...

Суреттер отбасылық мұрағаттан.

ШЕКАРАДА АТЫЛҒАН ОҚ



Біздің арамызда бүгінгі күннің қаншама батырлары жүр! Бұл – әдемілік үшін айтылған сөз емес. Шындығында солай! Өзіңіз қараңызшы, Хантәңірінің мұзбалағы Мұқағали «...Мына өлкеге жат жердің қарғасын да жуытпа. Қалғаныңда аптапта, тоңғаныңда суықта, Өкелердің ерлігін жалғай бергін, суытпа!..» деп, шекарашылар туралы бекер жырлады дейсіз бе? Жоқ! Шекара аймағында туған поэзия патшасына да шекарашылардың шабыт бергені анық...

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ескери журналист

Әділдік бәрібір орнамай қоймайды екен... Мен бүгін осыған көз жеткіздім. Ол осыдан бірнеше жыл бұрын жасаған ерлігінің лайықты бағасын алуы тиіс еді... Өкінішке орай, олай болмады. Ол өзінің ел шебінде танытқан батылдығы мен қайсарлығы үшін кеудесіне «Шекара қызметінің үздігі» төсбелгісін тақты. Ал біздің әріптесіміз бұдан да жоғары марапатқа лайық болатын. Есесіне, бұл аз дегендей, осы жолдардың авторы да бет қызартар қа-

телікке жол беріп алмасы бар ма?.. Жә, қазбалағанша, 2023 жылдың қыркүйегінде орын алған оқиғаға оралайық. Ең дұрысы, сол болар! Десек те, алдымен сол жолы мемлекеттік шекараны заңсыз бұзып өтіп, біздің елдің аумағындағы тау ішінен аң қараған шетелдіктерді қолға түсірген шекарашылардың бірімен қалай кездестік?.. Алдымен осыған тоқталғанымыз жөн болар!

...Қызмет бабындағы шашетек жұмыстардың бірімен, әдеттегідей департаменттің Тәрбиелік, идеологиялық және Кадрлық жұмыстар

жөніндегі басқарма бастығы полковник Серік Төлеухановтың алдынан табылдық. Со-сын келген шаруамызды шешуге кіріскеніміз сол еді, бөлменің есігі қағылып, әлдекім ішке кіруге рұқсат сұраған. Бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жататын департаменттің күнделікті өмірі үшін бұл – қалыпты көрініс. Сондықтан, айналамызда болып жатқан оқиғаға «басымызды» ауыртқымыз келмеген біздің шаруамыз аяқталғанша орнымыздан «қозғалмауға» бекінген жайымыз бар еді... Бір жағынан, солай еткеніміз де дұрыс болыпты...



Қысқасы, біз жоғары басшымыздың алдында өзіміздің тағдыры ерек кейіпкерімізді тауып, ақыры полковник С.Төлеухановтың жұмыс бөлмесінен бірге шықтық. Сосын жұбымыз «жазылмаған» қалпы, тілшілер қосынына келіп, диктофонымызды іске қосқанша асықтық.

...Бұл – кім дейсіз ғой? Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Саты» шекара бөлімшесінің 3-ші мобильдік тобының бастығы аға сержант Берік Мухамеджанов. Бәрінен де «мені ұстайтын шекарашы әлі туған жоқ», – деп көкірек

соғатын айырқалпақты аңшыны тәубесіне келтірген үш шекарашының бірі. Қолға түскендерді шекара бөлімшесіне жеткізу үшін таудың бұралаңы көп соқпақтарын еңсеруге де мықты ерік-жігер мен темірдей төзімділік қажет. Сол жолғы атты шекара нарядын басқарған капитан Ғибрат Салауат пен қос шекарашы бұл жағынан осал емес-тін. Хош, сонымен!..

Алдымен кейіпкеріміз туралы мәлімет! Берік Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданындағы Топтерек деген ауылдан екен. Шекарашылар сапында қызмет атқарып келе жатқанына биыл тура 21 жыл толыпты. Айта кетерлігі, біздің әріптес дүние есігін ашқан Топтерек ауылы Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының далалық оқу полигонына жақын тұр. Мүмкін, сосын да болар, Беріктің арадан біраз уақыт өтіп кетсе де өзінің тағдырын түптің түбінде шекарамен байланыстыруды шешкені...

Ал өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын 1993 жылдың көктемінен бастап, 1994 жылдың күзіне дейін сол кездегі Ішкі әскердің сапында өтепті. Неге көктемде басталып, күзде аяқталады? Өйткені, ол кезде жастардың әскердегі мерзімді қызметтері бір жарым жылдық болатын. Берік «Ішкі әскер» деуі мұң екен, мен елең ете қалдым... 1995 жылдың қара күзінде Ішкі әскердің сапына алынып, әскери журналистикадағы ғұмырымның нақ осы жерден басталғаны үшін бе екен, әйтеуір осы саланы өзімнің «төркінім» етіп еншілеп алғанымды, несін жасырайын...

Тағы бір айта кетерлігі, Беріктің Отан алдындағы азаматтық борышы сол жылдары тәжік-ауған шекарасындағы

шиеленісе түскен ахуалға тап келді. Сондықтан, дәл осы кезде Қазақстан Қарулы күштерінен жасақталған қазақстандық батальонның құрамына Ішкі әскердің сарбаздары да тартылғаны белгілі. Бұл туралы біздің әріптес былай дейді:

– Ол кезде мен 19-дағы қылшылдаған жаспын. Бұл – ерлік жасау үшін тау қопа-рып, тас жаратын кез ғой... Сондықтан, тәжік-ауған шекарасына барғысы келетін сарбаздар басшылықтың атына өтініш жаздық. Сөйтсек, мұның да өз тәртіптері бар екен. Біз қайдан білейік? Қысқасы, мен жат елдің шекарасын қорғау үшін алдымен ата-анамның рұқсатын алуым керек... Ол кезде қазіргідей көзді ашып-жұмғанша хабар алдыратын ұялы телефон деген атымен жоқ. Отыра қалып, алыстағы әкем мен анама хат жаздым. «Осылай да осылай, мен де басқалар секілді Тәжікстанға барып қайтамын. Сіздердің келісімдеріңіз керек» деп. Бірақ үйдегілер рұқсаттарын бермей қойды. Ал біз үшін ата-ананың айтқаны заң, үлкенді сыйлап өскен буыннанбыз... Амал жоқ, басым «салбыраған» күйі тәжік-ауған шекарасына аттанып бара жатқан қаруластарымды алыс жолға қимай шығарып салып, кейін ортамызға аман-есен оралған кездерінде мәресәре болып қайта қауыштық. Бір-бірімізбен әлі күнге дейін байланысып тұрамыз.

Осылай деп, 30 жылдың тасасында қалған күндерді еске алған Берікпен әңгімеміз 2023 жылдың қыркүйегіндегі оқиғаға жақындап келе жатты.

... Сол күні капитан Ғ.Салауат бастаған шекара нарядының негізгі міндеті – Құдырғы асуына дейін жетіп, айнала төңіректі шолып



шыққан соң сондағы шекара бағанына сырлау жұмыстарын жүргізу болатын. Осы үшін 50 шақырымдай жерді аттың үстінде еңсерген шекарашылар түнді ел шебіне қол созым жерде өткізген. Бір жағынан ұзақ жүрістен әбден шаршаған аттарды да тынықтыру қажет еді.

...Түнді қалың қарағайдың ішінде өткізген Беріктер таңғы төрттерде оянған. Аз ұйықтаса да кәдімгідей тынығып қалған шекарашылар шай қайнатып, таңғы астарын ішкен соң сапарларын қайта жалғастырған. Міне осы кезде офицер бір төбенің басынан екі адамның айналаға дүрбі салып тұрғанын байқап қалды. Бұл кезде шекарашылар мен белгісіз тұлғалардың арасын шамамен 100 қадамдай жер бөліп тұрған.

Өздерін қалайда ұстау керек! Бірақ қалай? Алдымен көздеріне түсіп, өздерін үркітіп алмау керек. Өздерінің нағыз шекара бұзушылармен бетпе-бет кездесудің алдында тұрғанын бірден түсіне қойған офицер сержант Бектас Жөндесіновпен бірге сол қапталдан, Берік дүрбімен аң қарап тұрғандардың оң жағынан шықпақ болды...

Иә, «тыныштыққа алданба...» деген дәл осыны біл-

діретін. Түнді таудың ішінде өткізген шекарашылар кез келген қауіп-қатерді аңдардан емес, екі аяқты қорқаулардан күтеді. Сондықтан да қырағылықтарын ешқашан жоғалтпайтын олар бұл жолы да шекара бұзушыларды бірінші байқап, құрықтауға да бірден кіріскен. Әйтпесе, қапы қалулары мүмкін! Себебі, дүрбі ұстағандардың қару асынбасына кім кепіл...

...Бір кезде гүрс етіп мылтық атылды. Сосын тағы қайталан-ды. Бұл – шекарашылар еді, өздерін көре салып, қол созым жерде жатқан қаруларына ұмтылған екеудің арындарын басу үшін аспанға қарата оқ атқан!

Тау ішінің тыныштығын бұзған оқтардың дауысынан шынында да бірден мыстары басылған екеудің кимылдауға шамалары келмей қалып еді... Міне, осы жерде шекарашылар сәл әріректен тағы біреуді көреді. Сол еді, өзінің сыбайластарына қару кезенген әскерилерді көрген бойда жерде жатқан аңшылық мылтығын көтере беріп, қайтадан сылқ еткізіп тастай салған... Ал мұның кім екенін білесіз бе? Дәл таптыңыз, «мені ұстайтын шекарашы әлі туған жоқ», деп жаһанға жар салатын мықтыңыздың өзі!..

Менің шекарашы әріптесім осыны айтқан кезде..., қазақ-қырғыз шекарасындағы оқиға болған жерден бірнеше жүз шақырым қашықтықта, өзімнің әсем шаһарымдағы жұмыс бөлмеде отырған менің бойым дір ете түскен... Содан бері арадан біраз уақыт өтіп кетсе де! Әрине, бұл – менің бойымды қорқыныштың баурап алғанын білдірмейтін еді. Керісінше, адреналин десе де болғандай... Сөз жоқ, осынау сезімді менің шекарашы әріптестерім де сезінгендері хақ! Өйткені, біздің тау ішіндегі еркін жортқан аң-кұстарды ату үшін шекара бұзғандар ештеңеден тайынбайтын. Әйтпесе, жер астынан шыға келгендей аяқ астынан сап ете түскен шекарашыларды көріп, жерде жатқан мылтықтарына ұмтылмаған болар еді. Бірақ шекарашылардың ескерту үшін аспанға қарата атқан оқтары алда болатын, болуға тиіс оқиғаның нүктесін біржолата қойған болатын!

...Сәйкестік дейміз бе, білмеймін. Шекара нарядының құрығына түскен үшеу біздің елдің аумағына кеше өткен көрінеді. Шекарашылармен бір уақытта. Бірақ, шекара наряды төменде, олар – жоғарыда болғандықтан, бір-бірімен жолдары түйіспеген. Тағы бір қызығы, шекара наряды бұрын тоқтап жүрген костарына түнегенде қаскөйлер оларды бірден байқап қалған болар еді. Өйткені, таудың биігінде тұрғанда төмендегі әрбір қыбыр еткеннің алақандағыдай көрініп тұратыны белгілі. Ал шекарашылар болса негізгі нүктеге тезірек жету үшін жүрістерін жалғастыра берген...

– Біз қостан өтіп барып, асу бойындағы өзеннің жанына тоқтағанбыз. Ал судың тас-тан-тасқа соғылған кездегі

дауыстарының қандай болатынын өзіңіз де білесіз ғой. Міне, сондықтан да аңшылар төменде жүрген біздің дауыстарымыз бен аттардың оқыранған, тұяқтарының тасқа соғылған сәттегі шыққан дыбыстарын естімей қалды, – деп түсіндірді Берік.

Нағыз шытырманға толы оқиға. Шекараның бойында, шекарашылар мен шекара бұзушылардың арасында ғана болатын.

Беріктің айтуынша, жателдіктер біздің елдің аумағында аңшылықпен айналысуға әбден дайындалып шықса керек. Бірнеше күнге жететін азық түлік, мүлтіксіз атылатын қарулар мен оқ-дәрілер, түнгі қоналқаға арналған далалық шатырлар, үш рация, дүрбілер – осыны мензеген. Айтары жоқ, шекарашылар аңшылардың аны өріп жүрген табиғат аясындағы сапарларын басталмай жатып құрдымға жіберіп еді...

...Осылардың бәрі таң алдында өрбіген. Төрт пен бес тің арасында. Сосын офицер шекара бөлімшесімен байланысқа шығып, кезекшіге болған оқиғаны жеткізген. Ол өз кезегінде бөлімше бастығына баяндаған...

Ал шекара бұзушыларды таудан төмен түсіруге бақандай 16 сағаттың кеткенін айту қажет бола қоярма екен... Есесіне, аңшылардың, әсіресе мықтымысып кеудесін соғатын басшыларының тәубесіне келгені анық!...

...Ал екі күннен кейін капитан Ғибрат Салауат бастаған шекара наряды Құдырғы асуына қайта оралған. Әрине, өткенде «аяқталмай»

қалған істі бітіру үшін. Біз қазақ-қырғыз шекарасының түбінде орнатылған шекара бағанын айтамыз. Бұл кезде таудың іші тыныштықтың құшағында жатқан. Қауіпті тыныштықтың!

Содан бері арадан бір жарым жыл да өте шыққан. Қызмет атқару кезінде көрсеткен қырағылықтары үшін капитан Ғибрат Салауат, аға сержант Берік Мухамеджанов, сержант Бектас Жөндесіновтер жоғары басшылықтың марапатын иеленді. Мұны мақаламыздың басында айттық... Кезінде жазылған оқиғаның нүктесін осылай қоюға да болар еді. Бірақ, біздің сондағы «болмашы» қателігіміз – құдды бумеранг секілді алдымыздан қайта шыққан. Арадан біраз уақыт өтсе де. Ал осы аралықта шекараның бойында қаншама оқиғалар өтіп үлгерді?! Сол жолы шекара нарядын басқарған офицер бүгінде Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қарқара» шекара бөлімшесінің бастығы. Берік пен Бектас қызметтерін «Саты» шекара бөлімшесінде жалғастырып келеді.

Осы жерде біз тағы да Берікке тоқталғымыз келеді. «Бү-

гінгі күннің батырына» балап, департаменттің көтерілген белестерін айшықтайтын кітапқа кіргізуді шешкен шекарашы әріптесіміз жақында ғана ердің жасы – 50-ге толды! Сосын оның ел шебіндегі қайсарлығы. Әрине, ол мұны жалғыз жасаған жоқ. Сонда да Берік арқылы шекарашы деген халықтың ерекше болып келетінін, шекара үшін қажет болса тау қопарып, суды кешіп өтуге бар екендерін...

Департамент қабырғасында өрілген тамаша сұхбаттан кейін біз Берікпен қаладағы Ұлттық кітапханада қайта кездестік. Кітап осы жерде жазылып жатқан болатын... Сондықтан, кішігірім жанұялық фотосессияны да осында жасау үшін. Енді санаулы айлардан соң зейнет демалысына шығып, шекарашы ардагерлердің қатарын толықтыратын кейіпкеріміздің жанұясымен осылай кездескен жайымыз бар. Олар – Берік Қайсаұлының тылдағы сенімді серігі, шаңырағының отанасы Жазира, тұла бойы тұңғыштары Аружан мен оның сіңлілері Айару, Раяналар. Ал ұлдары Дастан белгілі себептермен біздің ерекше орында ұйымдастырған фотосессиямызға қатыса алмады...



Ғалымжан БАКЕТОВ
майор

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасап, тарихтағы ең сұрапыл соғыстардың бірі – Ұлы Отан соғысы басталды. Ел басына күн туғанда, Отанды қорғауға қазақ жерінің түкпір-түкпірінен ер -азаматтар аттанды. Солардың қатарында Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының шекарашылары да бар еді.

ЗАЙСАН ШЕКАРАШЫЛАРЫ – ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҮЛЕС ҚОСҚАНДАР

Зайсан өңірі – шекаралық аймақ болғандықтан, мұндағы шекара бөлімшелерінде қызмет атқарған сарбаздар ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен жауапкершілік арқалады. Соғыс басталған сәттен бастап, көптеген шекарашылар майданға аттанды. Олар Брест қамалынан бастап, Сталинград пен Курск шайқастарында Берлинге дейінгі жолда ерлікпен шайқасты.

Архивтік деректерге сүйенсек, Зайсан шекара отрядынан

жүздеген жауынгер майдан даласына аттанып, олардың көпшілігі Отан үшін жанын пидаетті. Ерлігімен көзге түскен шекарашылар қатарында «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған азаматтар да бар. Жау соққысын алғашқы болып қарсы алған шекарашылар еді. Жау заставаларды жойып отырды, бірақ шекарашылар өздерінің орналасқан шебінде соңына дейін тұрды. Бір сөтке өткен соң «Правда» газеті шекара батырлары тура-

лы: «Шекарашылар арыстанша арпалысты... Олар ұрысқа кіріп, жау олардың тек өлі денелерінен ғана бір сүйем алға жылжуына мүмкіндік алды» - деп жазған болатын.

Зайсан шекара жасағынан майданға 31 командир аттанды. Соғыстың алғашқы күнінен бастап барлық бөлімшелерде митингілер өтті. Шекара жауынгерлері еліміздің шептерін қырағы күзетуге, кез-келген жауға тойтарыс беруге шақырды. 162-атқыштар дивизиясынан 942





-атқыштар полкі жасақталып, «Зайсандық полк» деп аталды, барлық басшылық қызметте Зайсан шекарашылары болды. Шекара жасағынан 1181 адам жіберілді, оның ішінде 69 офицер, 136 сержант және 976 қатардағы жауынгерлер болды.

Ерліктің қайталанбас үлгісін көрсетіп, «Кенес Одағының Батыры» атағын алған жүзден астам жерлестеріміздің арасында шекарашылар да болғандығы белгілі. Осындай құрметті атақты иеленген соғысқа дейін «Шет - ласты» (қазіргі «Құйған» шекара бөлімшесі) шекара заставасының старшинасы Семен Баитов және Павел Попконың ерліктері туралы айтып, жас жеткіншектерге жеткізіп келеміз. Семен Баитов – ержүрек коммунист, атқыштар ротасының парткомы болды. 1943 жылы рота шабуылды бастау бұйрығын алып, бөлімше полктің алдында жүретінін айтты. Ротада көбі Зайсандықтар еді. Немістер артиллериялық және пулеметтік атысты бастады. Мектеп ғимаратына бекініп алған фашистер оны тірек пунктіне айналдырып алды. Мектептің артында жаудың сегіз танкісі ұрыс жүргізіп жатты. Бір кезде командир жараланды. Взвод тоқтап қалды, сол кезде жауынгерлер рота парткомының дауысын естіді. «Менің

бұйрығымды тында! Взвод, Отан үшін алға!». Алдында коммунистер. Баитов бірінші болып жау траншеясына кіріп, сүңгімен он шақты немістерді жойды. Неміс танкілеріне оқ атуға бұйрық беріп, ал өзі екі гранатаны алып бастағы «тигр» еңбектеп барып лақтырды. Осы ұрыста 4 танк қирады, біреуін рота парткомы жойды. Семен Баитов Орел түбіндегі шайқаста соңғы демі қалғанша шайқасты. Зайсан қаласының бір көшесіне Семен Баитов есімі берілді.

Павел Попко – заставаның саяси бөлімінің орынбасары, соғыстың алғашқы күнінен бастап майданға жіберуін өтінді. Шекарашылардың атқыштар полкіне түсті. 1944 жылы наурызда Орел бағытында Зайсан полкінің қатысуымен ұрыстар

болды. Шекарашы Попко қызмет еткен рота Золотое Дно селосына шабуыл жасады. Ауылға төтелей бара алмағандықтан ротный автоматшылар тобын қарсыластар шебіне жіберіп және селоны екі жақтан атқылауды бұйырды. Топ құрамында П. Попко да болды. Немістер біздің әскерлерді тұтқиылдан құрту мақсатында, селоға бес танк жіберді. Попко жау көліктерінің жақын келуін күтіп, сәті келген кезде гранаталарды алдыңғы танктерге лақтырды. Екі танк жарылып, қалғандары тоқтап қалып, пулеметтен оқ жаудырды. Ержүрек шекарашы танкіге жақындап келіп тағы да гранаталарды екі танкіге лақтырды. Осылай батыр шекарашы бес жау танкісін жойып, ерлікпен қаза тапты. Павел Попко «Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Шекара басқармасында сол кезеңде жұмысшылар тобы болды, қарапайым еңбек адамдары егін егумен, ат тағалаумен, сапты-аяқ етіктерін тігумен, қалың шинель тігумен де айналысқан болатын. Солардың арасында Қоңырбай Ошақбаев атаның ескі фотосуреті қазіргі таңда мұражайда сақтаулы тұр. Ол 1904 жылы дүниеге келген. Әкесі Ошақбай Зайсан жеріне алғаш шекарашылар қауымы келген кезде, соларды Георгиевка ауылдық округінен (қазіргі




Қалбатау) тосып алып, 50 - шекара отрядына жұмысқа кіреді. Қоңырбай 16 жасқа келгенде әкесі оны отрядқа офицерлердің жылқыларын бағуға жұмысқа кіргізеді. Содан 18 жасында 50 –шекара отрядына жұмысқа шекарашылар қатарына алынады. 1942 жылдың сәуір айына дейін отрядта құпиялы қызмет саласында жұмыс атқарады. 1942 жылдың сәуір айында Ұлы Отан соғысына аттанады, сол соғыста жүрген кезде II дәрежелі «Отан соғысының» орденімен марапатталады.

1942 – 1945 жылдың қаңтар айына дейін немістерде Дрезден қаласында тұтқында болады. Кеңес әскері келіп босатқаннан кейін, әрі қарай соғысқа аттанады. 1945 жылдың шілде айында ол кісіні Сочи қаласына тұтқынға түскен неміс солдаттарымен бірге жұмыс жасауға жібереді. Ол жақта 1947 жылдың қазан айына дейін өз қызметін атқарып, 1947 жылдың қараша айында елге аман-есен оралады.

Елге оралғаннан кейін 1947 жылдың желтоқсан айынан бастап 50-шекара отрядының Подхоз ауылында (қазіргі Қайнар ауылы) орналасқан қосалқы шаруашылығында жұмыс жасап, сол жұмыс орнынан зейнетке шығады.

Жолдасы Ошақбаева Биби



екеуі 6 бала өсіріп немере, шөбере сүйіп тату-тәтті отбасы болып, өмірлерін бала тәрбиесіне арнаған асыл жандар болды. 16 жасынан бастап еңбекке араласқан, қан майдандағы сұрапыл соғысты көзімен көріп, соғыстан кейін де жұмыс жасап, өмірдің барлық ауыртпалығын еңсеріп, артында қалған ұрпақтарына өнегелі өмір сыйлаған Қоңырбай ата 1984 жылдың 18 тамызында дүниеден өткен. Жары Биби 2014 жылы 89 жасында дүниеден озды. Атасының жолын қуып немересі Дулатов Олжас 9 жасынан дарынды балаларға арналған Ш. Уәлиханов атындағы «Жас Ұлан» арнайы мектеп-лицей интернатын 2009 жылы тәмәмдап, сол жылы Ал-

маты қаласында орналасқан Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтына оқуға түсіп, 2014 жылы АБЖ инженері мамандығы бойынша лейтенант шенінде әскерге қызмет атқаруға жіберілді. Қазіргі таңда денсаулық жағдайына байланысты запасқа шығарылған.

Биылғы жылы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын атап өтеміз. Соғыстың аты соғыс. Жүрекке ауыр жара салған тарихи кезең. Ұлы Отан соғысының ардагері Қоңырбай Ошақбаев туралы естелікпен бөліскен қызы Майгүл Уашева апайымызға алғыс білдіреміз.

Елімізде бейбітшілік, егемендік мәңгі жасасын, - деген тілегімізді жиі айтамыз. Қазіргі ұрпақ қан майданда Отан үшін кеуделерін оққа төсеген ерлерімізді құрметтесе екен, - дейміз. Біз соғыс ардагерлерінің ерлігін ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп мақтан етеміз. Олардың сұрапыл майданда көрсеткен ерліктері, батылдықтары, Отанға деген сүйіспеншіліктері бүгінгі Отан қорғаушыларымызға үлгі-өнеге.

Зайсан шекарашылары тек соғыс даласында ғана емес, тылда да жанқиярлықпен еңбек етті. Елдегі тыныштықты қамтамасыз ету, шекараны күзету жұмыстары үздіксіз жалғасты. Бұл шекара қызметінің үздіксіздігі мен маңыздылығын көрсетеді.

Бүгінгі күні Зайсан шекара басқармасының жас буын сарбаздары ардагер аталарымыздың ерлігін мақтанышпен еске алып, олардың аманатына адал қызмет етуде. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы – бұл тек тарихи дата емес, бұл бейбіт өмірдің, батырлықтың, отансүйгіштіктің мәңгілік нышаны. Мәңгілік елдің шекарасын - мәңгілік қорғауда.



Суреттер ШҚО бойынша департаментінен.

ҚАЗЫНА

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай еліміздің әр өңіріндегі ардагерлер ұлықталып, баспасөз беттерінде олардың қайталанбас ерлігі туралы ұлттық рухқа толы материалдар жарық көре бастады. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықты үлгі тұтады. Соларға қарап бой түзейді. Осылайша ерлікке толы тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парақтары қаттала бермек.



ЖҮЗ ЖАСАҒАН АРДАГЕР



Ғалымжан БАКЕТОВ
майор

1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы адамзат тарихына өшпес із қалдырғаны баршаға аян. Жасыратын несі бар, бүгінде қасық қаны қалғанша ұрпақ болашағы үшін күрескен аталарымыздың қатары күн санап сиреп барады. Әйтсе де, біз солардың бірі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Зайсан ауданының тұрғыны Зәкен Құрманғожанов атамыз жайлы жазуды жөн көрдік.

Зайсан шекара басқармасының жеке құрамы жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша 9 мамырда Зәкен атаны арнайы құттықтап барып, қуанышына ортақтасуды дәстүрге айналдырған. Оның үстіне, дәл осы күні атамыздың туған күні екен. Қос мерекемен құттықтап келген шекарашылар сый-сияпатын тарту етіп, ақсақалдың көңілін аулап әңгіме-дүкен құратын. Келген қонақтарға атамыз да ағынан жарылып шүйіркелесіп батасын беріп, соғыс майданындағы қиын сәттерді тебірене есіне ала әңгімелейтін.

Зәкен Құрманғожанов 1923 жылы 1 қыркүйекте Зайсан ауданының Саржыра ауылында

өмірге келген. Біз осы жолы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай атамызға арнайы барып әңгімелескен болатынбыз. Бала кезінен көп қиындықты басынан өткерген Зәкен ақсақал, қан майданда от кешіп окқа боранған сол бір қиын сәттерін, майдандас жолдастарынан көзінше айырылып, қаншама рет жараланып аман қалғандығын көзіне жас ала тілге тиек етті.

«Мен әскер қатарына 1942 жылы алындым. Аягөздегі сержанттар дайындайтын орталықты оқып, ойдағыдай аяқтаған соң Мәскеу түбіндегі соғысқа кірісіп кеттік. Осы жылы взвод командирі қаза тауып, мен бөлімше командирі болып тағайындал-

дым. Сол жерде күндіз-түні соғысып жүріп әрең дегенде Пагончик деген ауылды алдық. Оңай болмады. Бұдан кейін де бірнеше шабуылдан кейін қатарымыз күн санап азая бастады. Сол кескілескен ұрыста тірі қалғандарға «За отвагу» медалі табысталды. Бір күні Батальон командирі мені шақырып алып: «Бұйрық бойынша Мәскеуге оқуға барасын», - деді. Содан көп ұзамай мен оқуға аттандым. Мұнда төрт ай бойы Владимир қаласындағы танкистер дайындайтын оқуды оқыдым. Сөйтіп атқыш мамандығын игердім. Танкінің экипажында 5 адам болса, мен жауапты адам болдым. Кейіннен мені Горький қаласына жіберді. Мұнда «34-маркалы» танкіге экипаж болдым. 1943 жылы Горькиден танкіні вагонға тиеп темір жол арқылы Ленинград маңына бардық. Ленинградты азат ету үшін станция маңындағы немістермен атқыластық. Тек үш күннен кейін ғана алдыға жылжыдық. Соғыса жүріп бірнеше ауылдарды басып алдық. Күні-түні бұрқыраған оқтың астында жүріп Балтық теңізіне қарай беттедік.

1943 жылдың ортасында Латвия мен Литва жеріне кіріп, мемлекет орталығы Вильнюс



қаласын азат ету үшін жан алып, жан берістік. Ақырында қаланы жаудан тазартып әрі қарай жылжыдық. Осы жерде экипаж бойынша маған II, III дәрежелі «Победа» орденін кеудеме тағып, мақтау қағазымен марапаттады. Содан кейін Латвия, Литва қаласын басып өтіп Рига қаласына жеттік. Бұл жерді басып алу бізге оңайға соқпады. Немістер бірден шегінбеді. Үлкен атыс орын алып, біздің жаяу әскерден көп шығын болды. Осы шайқастағы ерлігім үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталдым. 1944 жыл ішінде шабуыл қайта басталды, жаудың танкісі «Тигр» мен «Пердинат» және «Пантера» танкісімен Балтық теңізін жағалай атыстық. Жаудың да біздің де танкіміз отқа оранды. Әйтсе де, біздің жүргізушіміздің күшімен танк аман қалды. Осы жылдары Кеңес әскері күшейді. Себебі Америкадан көп көмек келді. Батысқа қарай танкінің үстіне автомат атушыларды отырғызып күні-түні атыстық. Сөйтіп, Шығыс Пруссия, жағалауындағы «Гольния» портын алуға дайындық үстінде болдық. Мен 3-танк бригадасында болдым, командиріміз Гриценко деген



орыс. Жүргізуші Болдерев, радист Смирнов, оқ беруші чуваш ұлтының азаматы. Оның атқышы мен болдым. Машина командирі Альхаев деген татар ұлтының әскері болды. 1945 жылы Кенингсберг қаласы үшін шайқаста немістердің екі танкісін жойдық. Алайда, мен жараланып, Ерлігім үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталдым», - дейді майдангер ақсақал бізге берген сұқбатында.

Өзінің айтуынша, 18 жасынан от кешкен атаның бірге туғандарының барлығы соғыстан оралмапты. Ол үйіне оралғанда тек асыл анасы мен 10 жастағы інісі ғана болған екен. 1946 жылы туған жеріне келіп совхозда ағаш шебері, кейіннен 45 жылдай құрылыста аянбай еңбек еткен.

Ұлы Жеңісті Зәкен ата тірі қалған майдандастарымен Берлин қаласына 30 шақырымдай жер қалған маңда қарсы алған екен. Кеудесі медальға толы ақсақал, бүгінде 100 жаста. Көненің көзі, алтынның сынығына айналған қарияның 10 баласынан 28 немере, 26 шөбере бар. Бүгінде солардың қызығына тоймай күліп-ойнап отыр.

Зайсан ауданының құрметті азаматы атанған Зәкен Құрманғожановтың жүріп өткен жауынгерлік жолы осылай өріледі. Олай болса, қазыналы қарт, абыз қарияға мықты денсаулық тілейміз.

**Суреттер отбасылық
мұрағаттан.**





МАЙДАНГЕР



ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҚАРИЯ

Қазақ тарихында екінші дүниежүзілік соғыс салған қасіреттің ізі бар. Қиын-қыстау кезеңде Отанды қорғап, әскери антқа адал болған жандардың бірі – Мұратов Қалмен ақсақал. Қалмен ата 1924 жылы 20 ақпанда Ордабасы ауданында дүниеге келді. 1942 жылғы 1 тамызда «Бірлік» орта мектебінде 7-сыныпта оқып жүргенінде, яғни 18 жасында әскерге алып кетті. Аяғзде командирлік курсты 3 ай оқып, кіші сержанттық шенін алды. 1942 жылы Калинин облысына апарды. Мәскеуден ары Белорусь аймағында соғысты. Бірнеше қаланы басқыншылардан азат етуге үлес қосты. 1944 жылы ақпанда Витебск қаласында жау қорғанысын бұзу үшін болған шайқаста сол қолына оқ және граната жарықшалары тиіп, екі жерден жараланған. Бір оқ білезік буынына, екінші оқ саусаққа тиген. Сол сәтте екінші саусағынан айырылған. Госпитальда емделген.

Рауан НҰРМЕТ
майор

1947 жылы Бөржар ауылына қарасты Сталин колхозында бригадир болып қызмет етті. 1973 жылдан бастап теміржолда ұзақ жыл еңбек етіп «Коммунистік еңбек екіпіндісі», «Оныншы бес жылдықтың екіпіндісі», «Социалистік жарыс жеңімпазы» атанды. «Құрмет белгісі», І дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері», «Астанаға 10 жыл» және көптеген мерекелік медалмен марапатталған. Отбасында 6 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген. Бүгінде 31 немере, 34 шөбере сүйіп отыр.

Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан ақсақал тыныштық пен тұрақтылық – даму кепілі екенін айтып отырады. Майданда да, майданнан кейінгі өмірде де Түркістан өңірінің дамуына үлес қосқан Қалмен Мұратовты Ордабасы ғана емес, барша облыс жұртшылығы қадірлейді.

Жүз бір жастағы Қалмен Мұратов Ордабасы ауданындағы көзі тірі жалғыз ардагер. Ол 18 жасында майданға аттанып, Беларусь фронтында соғысқа кірді. Ржев-Великие Луки және басқа да көптеген қаланы неміс басқыншыларынан азат етуге қатысты. 1944 жылы қатты жараланып, елге оралды. Оқ пен оттың

арасынан аман келген ардагер енді соғыс болмасын деп тілейді. Екі жыл қан майданда талай ұрысқа кіріп, Витебск қаласын жаудан азат ету кезінде қатты жараланып, елге қайтарылды.

Қалмен Мұратов, соғыс ардагері: - Офицерлер жұмсайды, жүгіріп кете беремін. Барып хабар беремін. «Мына жақпен жүрсін, ана жақпен жүрсін» деп жатыр деп. Сол қолыма оқ тиді. Қолымды буып берді. Сосын «болмайды» деді ғой. Мен «Жүрген жерімді білмеймін. Қазір қай жер екенін де білмеймін. Өздерің үйге апарып тастама-сандар, мен үйді таппаймын» дедім. Үйге әкеліп тастады ғой. Қалмен Мұратов І дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Германияны жеңгені үшін» медалдарының иегері. Елге келген соң колхоздың жұмысына белсене араласты. Кейін теміржол саласында


еңбек етті. «Құрмет белгісі», «Еңбек ардагері» сынды марапаттар алып, зейнетке шықты. Жасы жүз бірге келсе де, өзі жүріп тұрады. Ешкімге салмағын салмайды,- дейді балалары.

- Елімізде соғыс болмасын. Тыныштық заман болсын. Бейбітшілікте қалай жүремін десең жүресің, тұрамын десең, тұрасың, ойнаймын десең, ойнайсың. Ешқандай жаманшылық көрмендер, көргендеріңнің бәрі жақсылық болсын. Әумин, Аллақу әкбар, - деп батасын берді қария.

Қазір Түркістан облысында 200 мыңға жуық зейнет жастағы қария тұрады. Олардың 9-ы соғыс ардагері болса, 3 мыңнан астамы - тыл еңбеккері. Жеңістің 80 жылдығына орай әрбір соғыс ардагеріне 5 млн. теңгеден сыйақы берілді.

**Суреттерді түсірген
автор.**





**МЕНІҢ АТАМ –
БЕРЛИН БАТЫРЫ
НЕМЕСЕ ҰРПАҚ ҮНІНДЕГІ
ҰЛЫ ЕРЛІК**



Манарбек ҚАРЕКЕНОВ
подполковник



**Қалың томды тарих
бетінде алтын әріппен
жазылған есімдер бар.
Олар - елі үшін отқа
түсіп, ерліктің ең биік шыңына
көтерілгендер. Сол ұлы тұлғалардың
бірі - менің атам Тәттібек Түсіпбаев.
Ол - тек менің ғана емес, бүтін бір
ұлттың мақтанышы, жеңіс пен қай-
сарлықтың үлгісі.**

Атам - оттай жалындаған жүрегі бар, рухы тасқа да шағылмайтын текті ер еді... 1915 жылы қазақтың ұлы ойшылы Абай туған қасиетті топырақта, Семей облысы, Абай ауданында дүниесігін ашқан. Бала кезінен зерек, талапты болып өсіп, 1933 жылы Семей педагогикалық техникумын тәмамдайды. Жастайынан білім мен ғылымның маңызын терең түсінген атам ұстаздық жолды таңдайды.

1935-1941 жылдары Саржал ауылында мұғалім, кейін Абай атындағы орта мектептің директоры, аудандық оқу бөлімінің бастығы қызметін атқарып, білім шырағын шалғайдағы ауылдарға дейін жеткізді. Ол – тек ұстаз емес, ұрпақтың жүрегіне сәуле сепкен шамшырақ болатын.

1939 жылы көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің ұсынысымен «Абай ұрпақтары» журналын жарыққа шығарып, ел руханияты мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосады. Ағартушылық жолдағы қызметі, ел алдындағы жауапкершілі-

гі, биік парасаты оны туған халқының ардақты ұлына айналдырды.

Алайда 1941 жылдың сұрапыл маусымында тыныш өмірдің тас-талқаны шықты. Фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасап, Отан тағдыры сынға түсті. Сол сәтте Тәттібек атам ешбір ойланбастан, ерікті түрде Жанасемей аудандық әскери комиссариатына барып, май-



данға аттанады. Қас-қағым сәтте қарапайым ұстаз ұлт жауынгеріне айналды.

«Бұл – Отан үшін қасиетті күрес! Біз бұл соғыста тек

жеңіске жетуіміз керек!», - деген атамның үні майдан даласында сарбаздарға рух беріп, ел ішінде үміт пен сенім отын тұтатты.

Алғашында 101-атқыштар бригадасында әскери машықтан өтіп, кейін 64-ші Могилев Суворов орденді атқыштар дивизиясының 451-полкіне тағайындалады. Мұнда ол батальон командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары болып, сарбаздарды рухтандырып, алға ұмтылуға үндеумен болды.

Калинин, Орталық, 1 және 2 Беларусь майдандарының қанды шайқастарына қатысып, от пен оқтың ортасында бірнеше мәрте ауыр жараланып, госпиталь төсегіне де таңылды. Алайда оның жүрегі тыныштыққа бағынбады. Ол қайтадан сапқа қосылып, жауға қарсы күресті жалғастырды. Туған жердің әрбір қарапайым тасы үшін жанын шүберекке түйді. Оның көз алдында – бейбіт өмір, ал армандарында – азат болашақ тұрды.

1945 жылдың 24 сәуірі. Бұл күн атамның жауынгерлік даңқын асқақтатқан күн болды. Берлинге тақап қалған кезде, оған Бризен елді мекенін азат ету міндеті жүктелді. Бұл – жеңіске бір табан қалған аса маңызды операция еді. Ол басқарған 6-атқыштар ротасы тұтқиылдан шабуыл жасап, ауылға бірінші болып кірді.

Осы шайқаста атам бастаған жауынгерлер:

- Жертөле мен шатырларға жасырынған жаудың 10 пулемет нүктесін жойды,
- 2 зениттік қаруын істен шығарды,
- 80-ге жуық жау солдатын жер жастандырды,
- 68 фашист офицері мен солдатын тұтқынға алды,
- 100 мм зеңбірек, 3 пулемет, 3 әскери көлік пен 60-қа жуық винтовка-автоматтарды трофей ретінде қолға түсірді.

Бұл – жай ғана әскери жетістік емес, мындаған бейбіт адамның өмірін ажалдан арашалау еді.

Алайда Жеңіс туы желбірер сәтте, 1945 жылдың 2 мамырында, Берлин көшелеріндегі соңғы ұрыстардың бірінде Тәттібек Түсіпбаев атам ерлікпен қаза тапты. Жеңіс алдында жанын қиған ұмы-

тылмас ерлік – мәңгілікке жазылды.

Атам Берлин қаласының Марцан ауданындағы Кеңес жауынгерлері жерленген зиратқа қойылды. Оның ерлігі 1942 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 1945 жылы (қайтыс болғаннан кейін) I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен бағаланды.

Бірақ сол марапаттың бірі – «Қызыл Жұлдыз» ордені – тек 1990 жылы, арада 48 жыл өткен соң, оның ұлы Болатқа салтанатты түрде тапсырылды.

Атамның артында ұрпақ қалды. Олар бүгінгі бейбіт елде түрлі салада еңбек етіп, ел дамуына өздерінің үлестерін қосып келеді. Бірі – статистик, бірі – дәрігер, бірі – әскери қызметші.

2015 жылы ағам, Бауыржан Тәттібеков, Жеңістің 70 жылдығына орай отбасымен бірге Берлин қаласындағы атамыз жатқан қасиетті жерге барып, естелік белгі қойып, тағзым етті.

Ал атамның өмірлік жары, менің әжем – Сәуле Ізтелеуова, Қармақшы өңірінің қызы,



майданға екі мәрте іздеп барып, атамның соңғы хаттарын сары майдай сақтаған аяулы ана. Ол – махаббат пен адалдықтың үлгісі.

Менің анам – Оңалия Бұланбайқызы – қайын атасының ерлігі ұмытылмасын деген жүрекжарды тілекпен «Жасындай жарқылдаған жарқын ғұмыр» атты естелік кітап жазып, келер ұрпаққа баба рухын аманат еткен жан.

Бүгін мен атамды сағынышпен еске аламын. Ол – менің жүрегімнен ешқашан өшпейтін, аңызға айналған тұлға. Оның бейнесі – болашаққа жетелейтін шырақ. Ал ерлігі – рухымыздың темірқазығы.

Өлмейді ісі мәңгілік,

Өшпейді абзал есімдер.

*Ұрпаққа жетіп жаңғырып,
Кетпейді естен есіл ер!*

Ұлы Жеңіс – кешегі қаһармандардың қаны мен жанымен келген қасиетті мұра. Бүгінгі бейбіт күніміз – қыршыннан қиылған боздақтардың арқасы. Бізге қалған аманат – бейбіт елдің берекесін сақтау, Тәуелсіз Қазақстанды мәңгілік ету.

Мен атамды мақтан етемін. Ол – Берлинге жеткен ер, қазақтың батыр ұлы. Оның ерлігі – менің кеудемдегі мақтаныш, ұрпағымның жүрегіндегі мәңгілік алау.



МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ –

ефрейтор Азизжан Ахметовтің бір күні

Ерте жауған жаңбыр нәсері еліміздің оңтүстік астанасы – Алматы қаласының көшелерін шайып өтті. Азғантай уақытқа болса да шелектеп жауған жаңбырдан сай-сала, тас жолмен су арнасылық толды. Таң атысымен көшеге шыққан адамдар қолшатырларына тығылып, бірі көлігіне, бірі автобус аялдамасына асықты. Күнделікті қарбалас қызмет басталғалы тұрған Алматы әуежайындағы жолаушылар нөпірі де толастар емес.



Манарбек ҚАРЕКЕНОВ
подполковник

ҚР ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» шекаралық бақылау басқармасы шекаралық бақылау бөлімінің бақылаушысы ефрейтор Азизжан Ахметов әдеттегідей ерте ояны. Ол күнделікті әскери тәртіп бойынша төсегін жи-

нап, формасын реттеді. Әрбір түйменің қадалып, киім нысанының әрбір қыры үтіктен жаңа шыққандай мінсіз болуы керек. Себебі шекарашы сырт келбетімен де елінің қорғаны екенін көрсетуі тиіс.

Ас бөлмесіне барғанда да басталғалы тұрған жауынгерлік қызметтің жауапкершілігін ойлап, таңғы асын асығыс ішті. Ұялы телефонға қарап,

әлем жаңалықтарына шола-тын немесе уақытты босқа өткізер әлеуметтік желідегі түрлі әзілдерді қарайтын уақыты жоқ.

Әдеттегі уақыттан кешікпей жұмыс орнына жетті. Бүкіл бақылаушы шекара сақшылары таңғы сапқа тұрды. Басшылық тарапынан күннің негізгі тапсырмалары талқыланды. Шекарадағы тәртіптің



бұзылуы мүмкін болатын қауіп-қатерлер жайлы ескертілді. Азизжан әрбір ақпаратты мұқият тыңдады. Оның жылдар бойы қалыптасқан кәсіби дағдысы қауіптің қайдан келетінін алдын ала болжауға үйреткен.

ӨТКЕНГЕ ШЕГІНІС. БАЛА ШАҚТАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

Ефрейтор Азизжан Ахметов 1992 жылы 1 қыркүйекте Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Көлжат ауылында дүниеге келді. Балалық шағы үнемі көшіп-қонумен өтті. Өйткені, ата-анасы да Отан қорғаушылар болатын. Әскери қызметшінің отбасы болғандықтан әскери қызметтің бабына сәйкес, түрлі облыстар мен қалаларға қоныс аударды. Бұл оның мінезін шыңдады, кез келген ортаға тез бейімделуге үйретті.

Білімге деген құштарлығы бала кезден байқалды. Ол әрдайым сыныпта үздіктер қатарында болды. 2010

жылы мектепті аяқтаған соң, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Шығыстану» факультетіне оқуға түсті. Мұнда ол тек білім ғана емес, тәртіп пен жауапкершіліктің де маңызын терең сезінді. 2014 жылы Алматы Технологиялық университетінде екінші жоғары білім алып, өмір жолын айқындады.

Алайда оның жүрегі әрдайым әскери қызметке жақын болатын. 2015 жылы әскери дайындықтан өтіп, ҚР ҰҚК Шекара қызметіне қабылданды. Осылайша, шекараны қорғау – оның өмірлік миссиясына айналды.

ШЕКАРА БАҚЫЛАУ БЕКЕТІНДЕГІ ҚАРБАЛАС

Жұмыс уақыты басталған сәттен азғантай уақыт өткен кезде әуежай жолаушыларға тола бастады. Күнделікті рейстер, шетелден келген туристер, іскерлік кездесулерге асыққан азаматтар – барлығы

паспорттық бақылаудан өтеді. Азизжан әрбір адамның жеке құжатын мұқият шекаралық бақылауда тексереді. Оның қашан да көзі өткір, санасы сергек. Шекара сакшысы құжаттарды жылдам тексеріп қана қоймай, адамның мінез-құлқы, қозғалысы, көзқарасына дейін назар аударады.

...Кезекті жолаушы – орта жастағы ер адам. Құжаттары дұрыс сияқты, бірақ қобалжу сезіледі. Азизжан оған қосымша сұрақтар қоя бастады:

- Сіз Қазақстанда қанша уақыт болдыңыз? Қандай мақсатпен келген едіңіз? Қайда тоқтадыңыз?..

Жауаптары сәйкес келгенімен, оның жанарында күмәнді нәрсе бар сияқты. Азизжан құжатты арнайы тексеру құрылғысынан өткізіп, оның қолдан жасалғанын анықтады. Бұл – оның бүгінгі анықтаған алғашқы заң бұзушылығы еді. Жолаушы негізгі кезектен бөлек шығарылып, бірден арнайы бөлмеге жеткізілді. Тергеу сұрақтары басталады.

ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР МЕН КӘСІБИЛІК

Ефрейтор Азизжан Ахметов қызмет барысында көптеген оқиғаларға тап болды. Ол талай рет заң бұзушылардың жасырғанын әшкерелеп, еліміздің қауіпсіздігін қорғауға өз үлесін қосты. Шекарадағы ең есте қалған оқиғалардың бірі – шетелдік азаматтың жалған электронды визамен Қазақстан шекарасынан өтуге әрекет жасауы еді. Азизжан оның құжаттарын мұқият тексеріп, жалған екенін дәлелдеп берді. Осылайша, шекараны заңсыз кесіп өтудің алдын алды.

Келесі оқиға – Әзербайжан Республикасының азаматшасының жалған құжатпен елден шығуға тырысқан сәті. Қырағы шекарашы бұл алаяқтықты да бірден байқады.

Тағы бірде Иран Республикасының азаматы басқа адамның құжатымен шекарадан өтпек болғанда, оны тоқтатып, заң бұзушылықтың алдын алды.

Бұл – шекарашының күнделікті қызметіндегі қырағылығы. Бірақ мұндай адал қызметтің нәтижелі жетістігі жар салынып айтылмайды. Көбіне жасыл күнқағарлылардың сапалы жүргізетін жауынгерлік қызметтері көзге көріне бермейді. Себебі олар әрдайым елдің тыныштығын сақтау үшін ғана үнсіз қызмет етеді.

ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ МАРАПАТТАР

2024 жылдың қорытындысында ефрейтор Азизжан Ахметов «Үздік шекара бақылаушысы» атағын жеңіп алды. Бұл марапат оның адал еңбе-

гінің, табандылығының және кәсіби шеберлігінің жемісі болды. Ол шекара қызметінде тек заң бұзушыларды анықтап қана қоймай, жас әскери қызметшілерге үлгі де болды. Әріптестері оны әділдігімен, сабырлығымен және жауапкершілігімен бағалайды.

КЕШКІ ҚОРЫТЫНДЫ

...Кешке қарай Азизжан қызметін аяқтады. Бүгінгі күні бірнеше заң бұзушылықтың алдын алды, шекара шебінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Шекарашылар үшін бұл – жай ғана жұмыс емес, бұл – елдің шекарасын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адалдық жолындағы күрес.

Қызметінен кейін әріптестерімен бірге кешкі асқа отырады. Олар өзара күнді қорытындылап, түрлі оқиғалармен бөліседі. Кезекті күн өткенімен, жауынгерлік қызмет аяқталғанымен тек бір нәрсе өзгеріссіз қалады. Ол – шекарашы Азизжан Ахметовтің өз ісіне деген адалдығы. Ертең тағы бір күн басталады, ал ол қызмет орнында, шекараны күзетуге саптан табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ефрейтор Азизжан Ахметовтің жауынгерлік қызметтік күні осылай өтеді. Бірақ бұл тек бір күннің емес, бүкіл өмірінің айнасы. Ол – шекараны қорғауға бар ғұмырын арнаған жан. Оның әрбір қадамы – еліміздің қауіпсіздігі үшін жасалған қадам. Оның адалдығы, патриотизмі – болашақ ұрпаққа үлгі.

Осындай азаматтар барда шекарамыз берік, еліміз тыныш болары сөзсіз!

**Суреттер жеке
мұрағатынан.**



БАЙҚАУ

Жер бетіндегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, жеке халық, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сіңірер еңбегі орасан зор. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі, соның ішінде қыз бала тәрбиесі – ұлттың тағдыры. Өз ұрпағына дұрыс жол көрсете алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ. Осындай қасиетін сақтаған қазақ қыздарының қатары шекара қызметінде де бой көрсетіп келеді.

Өмірбат АЙТӘЛІ
капитан

ШЕКАРА ТАРИХЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ БАЙҚАУ

Қазақ халқының арғы-бергі тарихында білек күшімен, шешен тілімен, ақыл парасатымен үлгі болатын батыр қыздар аз болмаған. Ертедегі Қыпшақ қыздары, "Тұран-дот ханшайымдар" сұлу сымбатымен, табиғи тартымдылығымен, шығыс қыздарына тән ерекше сән-салтанатымен Еуропаның рыцарларын таңғалдырған деседі. Тарихты бергін келе еске түсіретін болсақ қасиеті асқан қазақтың қос батыры Алия мен Мәншүгіміз осылардың айғағы. Бұл есімдер халқымыздың қадір-қасиетін, ұлттық мінезін, патриоттық тәрбиесін аласартпайтын тұлғаларға тиесілі. Қыз болып бұландап бой жете алмай, ақ желек жамылып босағаны аттап келін болып түсе алмай арманда кеткендер байтақ елдің бостандығы жолында шыбын жанын пида етті, ал тарих оларға өз төрінен орын берді.

Бүгінгі бейбіт заманда ерлермен қатар сапта тұрып, қару асынған аруларымыз аз емес. Солардың бірегейі Шекара қызметінде де төбе көрсетуде. Ана бір қолымен бесікті тербетсе екінші қолымен әлемді тербетеді деген рас. Отбасы ошақ қасымен, ауыр қызметті қатар алу кез-келген нәзік жанды аруларымыздың қолынан келе бермейді. Шекара шебінде етігімен су кешіп, йығына қару асынған ардақты аруларымыз кез келген құрметке лайық екені хақ. Осы тұрғыда Шекара қызметі де қалыс қалмады. Аруларымыздың аянбай Отанға қызметін ерекше құрметтеп сый көрсетіп келеді. Көктемнің шуағымен қатар келетін мереке 8-наурыз нәзікжандылар мейрамы. Осы бір күллі нәзік жандыларды ерекше құрметке бөлеп қуаныш сыйлайтын күнді шекарашылар да ерекше атап өтті. Ерекше деуімізге ауыз

толтырып айтатын себебіміз бар. Олар Шекара қызметінің тарихында алтын әріптермен жазылып қалатын «Шекара аруы-2025» фото байқауы еді. Иә, расында бұндай жоба бұрын соңды шекара аруларының арасында өткізілмеген. Аталған фото байқау шекара қызметінің ресми әлеуметтік желісінде өткізілді. Еліміздің барлық аймақтарынан баста 22 нәзік жанды әскери қызметшілер қатысты. Байқау шарты шекара қызметінің ресми парақшасында байқауға қатысушылардың фото суреттері бір мезетте жарияланды. Кейіннен аталған суретке қатысушылардың жанкүйерлері жүрекше арқылы дауыс берді. Дауыс беру уақыты 10 күн жүргізілді. 10 күнде қатысушылар үшін түрлі уайымдармен қоса ұйқысыз түндер өткені рас. Себебі әрбір қатысушы тек

өзі үшін ғана емес бүтін бір шекара департаментінің үміт жүгін арқалады.

Бұрын соңды болмаған байқаудың қорытындысын анықтауда оңай бола қойған жоқ. Сәні мен салтанаты келіскен аруларымыздың жанкүйерлері соңғы минуттарға дейін барын салып бақталасты. Әрине байқау болғандықтан бірі бірінен асып түспесе кем түспеді. Бағы мен бабы қатар шапқан үздіктер анықталды. «Шекара аруы - 2025» фото байқауының қорытындысы бойынша:

III-орын шекара қызметі Қостанай облысы бойынша департаментінің әскери қызметшісі Жанар Есентемірова Маратқызы,

II -орын шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің әскери қызметшісі Гүлбала



Үсенқызы Исакова.

I-орынды Шекара қызметі Қару-жарақ және техника жөндеу басқармасының әскери қызметшісі Назым Төлегенқызы Төлеуханова иемденді. Қатысушыларды біз де өзіміздің тарапымыздан құттықтаймыз. Жеңіске жеткен қатысушылар арнайы Елордаға шақыртылып, мереке қарсаңында Шекара қызметі Директорының қолынан арнайы диплом және бағалы сыйлықтар алды.

Ия, осындай ерлермен қатар қару асынып шекара шебінде жүрген қазақ қыздарына құрметіміз орасан. Жоғарыда айтпақшы бейбіт заманның батыр аналары десек артық айтқанымыз емес. Темірдей тәртіпке бағынып, елінің тыныштығы үшін түн ұйқысын төрт бөлген аяулы аруларымызға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Тарихта ізі қалған батыр қыздарымыздың ізін жалғаушылар осы емес пе? Таулары тарих, даласы дастан қазақ елінің ерлігін тану үшін оның әйгілі тұлғаларымен анықталатын асуларына үңілесің. Тарих қойнауында көптеген адамдардың атын шығаратын бірегей біртуар тұлғалардың қажеттігі осыдан шығар. Қазақ халқының тарихы сан алуан оқиғаларға толы. Осы сан алуан оқиғалардың басында болмыс-бітімі



ерекше тұлғалар болғандығы мәлім. Тарихтағы қилы кезеңдерде ерлігімен, өжеттігімен, қаһармандығымен өшпес із қалдырған қыздарымыз аз емес. Қазақ батыр қыздарының барша болмысы халық өмірімен кіндіктес. Тарих сахнасында ғасырлар бойы

азаттық үшін аттан түспеген, халқын жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша жауға қарсы тұра білген небір батырлармен арыстардың болғаны белгілі. Солардың қатарында батырлығымен әлемді таңқалдырған қазақ батыр қыздарының есімдері де ескерусіз қалған жоқ. Қазақ даласында миллион жыл бұрын белгі қалдырған адамдар тіршілігі бір сәт үзілместен бүгінгі өмірмен жалғасып жатыр. Олар жусан иісі аңқыған қазақтың кең даласында халықтың терең жадында сақталмақ. Осы сынды шекараның батыр қыздарының аттары шекара тарихында алтын әріптермен жазылып қалатыны хақ!




Суреттерді түсірген
автор.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚАЙСАРЛЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ

Ердос ҚАЙРТАЙ
лейтенант

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде ерлермен қатар, батыл әрі қайсар әйелдер де қызмет етеді. Солардың бірі – Сламбаева Алтын Нукуизиновна. Ол өз өмірін шекара қызметіне арнап, әскери тәртіп пен жауапкершіліктің нағыз үлгісін көрсеткен тұлға. Қазіргі таңда Алтын ханым ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің тәрбие, идеологиялық және кадрлар басқармасының кадрлар бөлімінің кадрлық нұсқаулардың орындалуын бақылау бойынша инспекторы қызметін атқарып келеді.





Алтын ханым 1975 жылы 1 маусымда Семей облысы, Мақаншы ауданы, Ақшоқы ауылында дүниеге келген. 1992 жылы мектепті аяқтап, тұрмысқа шығып, әскери өмірдің қатаң тәртібімен бетпе-бет келді. Оның жолдасы Қасабаев Талғат Болатұлы шекара қызметінде еңбек жолын бастаған сәттен-ақ, Алтын ханым да осы саланың қыр-сырын меңгеруге ұмтылды.

Отбасымен бірге Майталғазы, Еміл, Шаған-тоғай, Бахты шекара бөлімшелерінде тұрып, шекара өмірінің ауыртпалығын толық сезінді. Әскери қызметке бейімделу оңай болмады, алайда темірдей тәртіп пен табандылықтың арқасында барлық қиындықтарға төтеп берді.

“Алғашында әскери тәртіпке үйрену қиын болды. Бірақ бірте-бірте мен бұл қызметтің қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Біз тек шекараны күзетіп қоймай, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды буынның бір бөлігіміз. Бұл – үлкен жауапкершілік”.

Көптеген шекара бөлімшелерінде болған жылдары Алтын ханым әскери қызметтің қатаң тәртібіне толық бейімделді. Жолдасын қолдап, оның қасынан бір елі ажырамай, шекарашылар отбасына айналды.

2003 жылы Алтын ханым

үлкен өмірлік сынаққа тап болды – оның жұбайы Қасабаев Талғат қайтыс болды. Бұл ауыр кезеңде екі баласын өсіріп, шекара қызметін жалғастыруға бел буды.

“Жолдасым дүниеден өткен кезде балаларым үшін өмірді қайта бастауға тура келді. Бірақ мен осалдық танытпадым. Қайсарлықпен, табандылықпен қызметімді жалғастырдым. Себебі, менің өмірім әскери қызметпен тығыз байланысты еді”.

2003 жылдың 7 шілдесінде Алтын ханым Мақаншы шекара отряды Бахты шекара комендатурасына радиотелефонист болып қабылданды. Бір жылдан кейін радиостанция бастығы лауазымына тағайындалды.

Ол тек байланыс саласында қызмет етіп қана қоймай, әскери қызметшілермен бірге шекара күзетіне шығып, өзінің батылдығын дәлелдеді.

“Әскери қызмет – жай ғана жұмыс емес, бұл – өмірлік жол. Көпшілік әйел адамның шекара қызметінде жұмыс істеуі қиын деп ойлайды.

Бірақ мен дәл осы қызметте өзімді таптым”.

Алтын ханым шекара қызметінде радиотелефонист, байланысшы, комендант, әйелдер кеңесінің төрайымы сияқты бірнеше маңызды міндетті қатар алып жүрді. Ол жұмыс пен отбасын қатар алып жүрудің ерекше әдістерін меңгерді.

“Әскери қызметте уақыт өте шектеулі. Бірақ мен әрдайым жұмыс пен отбасылық өмір арасында тепе-теңдік сақтауға тырыстым. Балаларыма мейірім, ал қызметіме адалдық таныттым”.

Алтын Нукуизиновна әйелдер кеңесінің төрайымы ретінде де белсенді жұмыс атқарды. Ол офицерлер үйінде комендант болып, шекара бөлімшелеріндегі сарбаздармен жиі кездесулер өткізіп отырды.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларын қолдау мақсатында ұйымдастырылған шараларда әрдайым бірлік пен ынтымақтастықтың маңыздылығын баса көрсетті.

“Әскерде ең бастысы – ұйымшылдық пен бауырмашылдық. Біз бір-бірімізді қолдамасақ, қиындықтарды жеңу оңай болмайды. Сол себепті, мен әрдайым әйелдер мен сарбаздардың арасындағы ауызбіршілікті нығайтуға тырыстым”.

Әскери өмірдің қатаң тәртібі



мен жауапкершілігі тек ерлерге ғана тән қасиет деп ойлайтындар қателеседі. Сламбаева Алтын Нукуизиновна – аналық мейірімі мен әскери тәртіпті үйлестіре білген жан. Ол екі баласын өсіріп, шекара қызметінде өз орнын қалыптастырып, кейінгі буынға үлгі болған тұлға.

“Мен әскери қызметте жүріп, балаларымды өсірдім. Бұл оңай болған жоқ. Бірақ мен олардың бойына адалдық пен еңбекқорлықты сіңіре білдім деп ойлаймын. Қызым Толқынның менің жолымды қуып, шекара қызметін тандауы – соның айғағы.”

Алтын ханым қызмет барысында талай қиындықтарды бастан өткерді. Әр шекара бекетінде кезекшілік атқарып, шекара бұзушыларды ұстау операцияларына да қатысты.

“Мен ер адамдармен тең дәрежеде қызмет еттім. 4 сағат бойы дозорда жүріп, 2 сағат шекара күзетінде тұрдым. Бұл – менің Отан алдындағы борышым деп санадым.”

Көпшілік әскери қызметті ерлердің мамандығы деп қабылдайды. Алайда, Алтын ханымның өмірі бұл ойдың қате екенін дәлелдеді.

“Әйел адамдар әскери салада тек қосалқы рөл атқарады деген ой қате. Біз де шекара күзетіне қатысып, өз үлесімізді қосамыз. Мен ерлермен бірге дозорда жүрдім, шекара бұзушыларды ұстауға қатыстым. Бұл – үлкен жауапкершілік”.

Алтын ханым осы салада жүрген жас қыздарға шабыт беретін тұлға. Оның өмір жолы отансүйгіштіктің, қайсарлықтың, адал қызметтің нағыз үлгісі.

Оның қызметіндегі ерекше оқиғалардың бірі – дабыл көтерілген сәттер. Ол кезде әр шекарашы шұғыл түрде қызмет орнына жетуі тиіс еді.

Әскери өмір қатал тәртіп пен темірдей төзімділікті талап



етеді. Алтын ханым қызмет барысында түрлі қиындықтарға кезіккенін, бірақ ешқашан мойымағанын айтады.

“Шекара қызметінде небір оқиғалар болды. Бірде дабыл көтеріліп, біз шекара бұзушыларды ұстауға аттандық. Сол кезде мен радиобайланысты қамтамасыз етіп қана қоймай, операция барысына өзім де қатыстым. Мұндай сәттерде батылдық пен жылдам шешім қабылдай білу өте маңызды”.

2022 жылы ақпан айында Алтын ханым зейнетке шықты. Бірақ ол әлі де шекара қызметімен байланысты, жас сарбаздарға кеңес беріп, өз тәжірибесімен бөлісіп отырады.

“Мен шекарада жүрген кездерімді сағынамын. Бұл – менің өмірімнің ең маңызды бөлігі. Бүгінде жастарға ақыл-кеңес беріп, олардың әскери қызметке деген көзқарасын қалыптастыруға көмектесемін”.

Алтын ханым жұмыс пен отбасы арасында тепе-теңдік сақтай білді. Ол қыздарын өздігінен өсіріп, тәрбиелеп, оларды мықты, өз бетімен өмір сүре алатын азаматтар етіп қалыптастырды.

“Мен балаларыма әрдайым: ‘Қандай жағдай болса да, ең бастысы – адалдық пен еңбек’ деп айтып отырамын. Себебі

менің өмірім осы екі құндылыққа негізделген”.

Бүгінде оның үлкен қызы Толқын Қасабаева Зайсан шекара басқармасында әскери қызмет атқарып келеді, ал кіші қызы Жанел – Өскемен қаласында жеке кәсіпкер.

“Қызымның менің жолымды қуып, шекара қызметінде жұмыс істеуі – мен үшін ең үлкен мақтаныш. Әскери қызмет – бұл жай ғана мамандық емес, бұл – Отанға деген сүйіспеншіліктің белгісі”.

Алтын Нукуизиновнаның өмірі – қайсарлық пен адалдықтың айқын көрінісі. Ол шекара қыз-

метінде ерлермен тең дәрежеде қызмет етіп, өз ісіне жانتәнімен берілген тұлға.

Оның қызметі жас шекарашыларға үлгі, патриоттық рухтың айқын көрінісі. Ол патриотизмнің, табандылықтың және адалдықтың шынайы үлгісін көрсеткен жан.

“Әскери қызметтің маңызы зор. Бұл – әр адамның бойында тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастыратын өмір мектебі. Мен бұл өмірді тандағанымаш өкінбеймін”.

Алтын Нукуизиновна шекара қызметін тек мамандық емес, шынайы патриотизмнің көрінісі деп біледі. Оның өмір жолы жас ұрпаққа үлгі боларлықтай.

“Шекара қызметі – тек қана жұмыс емес, бұл – біздің Отанымызды қорғау миссиясы. Менің болашақ ұрпаққа айтарым – өз елінді сүю, оның шекарасын қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы”.

Алтын ханымның тағдыры – қазақ әйелінің батылдығы мен қайсарлығының, аналық мейірім мен әскери адалдықтың жарқын көрінісі.

Алтын Нукуизиновнаның еңбек жолы – Қазақстан шекара қызметінің тарихындағы жарқын беттердің бірі.

Сурет жеке мұрағаттан.

КӨК ТЕМІРГЕ ЖАН БІТІРГЕН



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Техника және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы станок жабдықтарын жөндеу және монтаждау тобының слесарі Болат Қойбағаров – адал еңбегімен, қажыр-қайратымен, өз ісіне деген сүйіспеншілігімен ерекшеленетін жан. Оның өмір жолы – күрделі өткелдерден өтіп, Отаны үшін аянбай тер төккен еңбек адамының тағдыры.



Манарбек ҚАРЕКЕНОВ
подполковник

Қаскеленнің Күрті ауылында дүниеге келген Болат Нұрлыбайұлы балалық шағы қазақ даласының кендігінде, ауылдың қоңыр тіршілігінде өтті. Әке-шешесі қарапайым еңбек адамдары еді. Әкесі Нұрлыбай Жасатұлы өмір бойы совхоздың төрт түлігін баққан жан. Жылқы, қой бағумен қатар ұсталықпен де айналысқан. Анасы Күлай

Нарынбайқызы үй шаруасына мығым, отбасының ұйытқысы болды. Болат жастайынан еңбекке жақын болып өсті. Кішкентайынан әкесінің жанында жүріп, шеге қағуды, темірден түрлі бұйымдар жасауды үйренді. Оның техникаға деген қызығушылығы да сол кезден бастау алды.

Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, Болат Нұрлыбайұлының еңбекқорлығы, жауапкершілігі ерекше көзге

түсті. Ол сабағын жақсы оқумен қатар, шеберханада ұстаздарына көмектесіп, ағаш жонып, әртүрлі бұйымдарды жасап, техниканы зерттеп, үнемі ізденіс үстінде жүретін. Оның ойлау қабілеті ерекше болатын – кез келген бұзылған нәрсені жөндеп, оны қайта жандандыруға деген құлшынысы зор еді.

1980 жылы Алматы қаласындағы Құрылыс институтының сантехника бөліміне оқуға түсті. Мұнда ол инже-



нерлік білімнің қыр-сырын меңгерді. Сызбалар сызып, есептеулер жүргізіп, зертханалық жұмыстарға белсене араласты. Студенттік жылдары түрлі өндірістік тәжірибеден өтіп, шеберлігін арттыра түсті. Ол сол кезде-ақ өз кәсібінің маңыздылығын түсінді: таза су жүйесін құру, техникалық жабдықтарды дұрыс пайдалану – халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторлар.

1985 жылы оқуын аяқтап, алғаш еңбек жолын «Қаз

Гипро Никтибыт» жобалау институтында бастады. Инженер ретінде әрбір құбыр жүйесінің сызбасын сызып, оның дұрыстығын тексерді. Бірнеше жыл ішінде ол кәсіби тұрғыда шыңдалып, мамандығын терең меңгерді. Дегенмен, оның өмірінде маңызды бір белес - әскери қызмет күтіп тұр еді.

1985 жылы күзде әскери қызметке шақырылып, Новочеркасск қаласындағы Солтүстік Кавказ әскери оқу лагеріне аттанды. Бұл жерде ол тек әскери дайын-

дықтан өтіп қана қоймай, тәртіп пен жауапкершіліктің шынайы маңызын түсінді. Әскери өмір оның бойындағы төзімділік пен табандылықты одан әрі нығайтты. Алты ай әскери қызметтен кейін Чирчик қаласына көшіп, бір ай сол жерде қызмет етеді. Одан кейінгі айларда Термез қаласында танк бөлімінде қызмет атқарып, техникалық дағдыларын жетілдіре түсті. Қай салада болмасын, Болат Нұрлыбайұлы өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен орындап, әрдайым сенім артуға болатын адам екенін дәлелдеді.

1987 жылы әскери борышын өтеп келген соң, отбасын құрып, жаңа өмірге қадам басты. Жұбайы Гүлжиханмен бірге қазіргі кезде үлкен бір шаңырақтың мәуелі бәйтерегі. Балаларының тәрбиесіне көңіл бөліп, олардың да еңбекқор болып өсуіне ерекше мән берді.

1990 жылдары логистика саласында жұмыс істеп, кейін ауыл шаруашылығына да араласты. Ол әр салада өзін көрсетіп, кез келген істі табысты атқара алаты-



нын дәлелдеді. Бірақ онын жүрегі әрдайым техникаға жақын еді. Ақыры, ол 2015 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасына слесарь болып жұмысқа орналасты. Өз ісінің майталманына айналды.

Станок жабдықтарын жөндеу – оңай шаруа емес. Бұл салада әрбір бөлшектің дұрыс жұмыс істеуі аса маңызды. Болаттың тәжірибесі мен ұқыптылығы оны әріптестері арасында ерекше құрметке бөледі. Әрдайым ақаудың түпкі себебін анықтап, оны шешудің ең тиімді жолын табуға тырысты.

Таңертең жұмыс күні басталысымен ол алдымен станоктардың жағдайын тексеріп, қажет болса майлап, істен шыққан бөлшектерін ауыстырып, техникалардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Жұмыс барысында тек техникалық мәселелерді шешіп қана қоймай, әріптестеріне де көмек көрсетіп, тәжірибесімен бөліседі.

Кейде станоктардың ақауын анықтау бірнеше күнге созылады. Қолында ескі сызбалар мен құралдар ғана бар кезде, ол өз біліміне және тәжірибесіне сүйеніп, мәселенің шешімін табуға тырысады. Бұл жұмысты атқару үшін тек техникалық білім ғана емес, шыдамдылық пен табандылық қажет еді.

Болат Нұрлыбайұлы тек еңбекқор ғана емес, адамгершілігі мол жан. Әрқашан үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізет білдіреді. Әріптестері адалдығы мен сенімділігі үшін ерекше сыйлайды. Оның жанында жүретін адамдар одан тек жұмысқа деген ынта-ықыласты ғана емес, өмірге деген дұрыс көзқарасты да үйренеді.

Көмек сұраған жанға қол ұшын созудан ешқашан бас тартпайды. Жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, оларды қолдап, шеберліктерін арттыруға көмектеседі. Ол үшін ең маңыздысы – өз ісін адал атқару және өзгелерге үлгі бола білу.

Болат Нұрлыбайұлының өмірі – адал еңбектің, қажыр-қайраттың, ұрпағына қалдырған өнегенің айқын көрінісі. Ол үшін ең үлкен марапат – істеген ісінің жемісі, еліне тигізген пайдасы. Ол материалдық байлыққа емес, рухани құндылықтарға мән беретін жан.

Бүгінде Болат Нұрлыбайұлы – немерелеріне үлгі болып, өзінің өмірлік тәжірибесін жастарға үйретіп жүрген қадірлі азамат. Оның еңбек жолы – қарапайым еңбек адамының ел дамуына қосқан өлшеусіз үлесінің дәлелі.

Оның өмірі – техниканың жансыз темір емес, нағыз шебердің қолында қайта жанданып, халыққа қызмет ететін құнды құралға айналатынын дәлелдейтін тағылымды хикая. Болат Нұрлыбайұлы – адалдықтың, еңбексүйгіштіктің және адамгершіліктің жарқын бейнесі.

Суреттер жеке мұрағатынан.





ӨНЕР МЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАРҚЫН ҮЙЛЕСІМІ

Армандар мен мақсаттарға жету жолында еңбек пен өнерді үйлестірген ерекше тұлғаның тарихы. Қазірдің өзінде ол шекара қызметінде абыройлы қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар, Қазақстанның әскери ән шығармашылығына өз қолтаңбасын қалдырған дарынды әнші-композитор ретінде де танылып отыр.

Айжан КӨЛБАЙ
аға лейтенант

Қуат Ахметов 1978 жылы 25 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында дүниеге келді. Мектепті аяқтаған соң, ол өз жолын электро-

монтер мамандығымен бастағанымен, кейіннен Отан алдындағы борышын адал атқару үшін әскер қатарына шақырылды. Жұбайымен бірге төрт баланы тәрбиелеп өсіріп отырған Қуаттың отбасы оның ең үлкен байлығы

әрі күш-жігерінің қайнар көзі. Өзінің 2025 жылы 25 мамырда зейнетке шығатын сәтіне бір қадам қалғанда, ол шығармашылықпен әрі қарай айналысу туралы жоспарларын жүзеге асыруды көздеп отыр. Өнерін жалғастыра отырып,

ҰҚК ШҚ қызметкері ретінде өз жолын әрі қарай дамытуды мақсат тұтады. Бұл кезең оның өмірінде ерекше орын алады, себебі әскери қызметтегі тәрбиесі мен алған тәлімдері оның шығармашылығына да әсер етті. Ол бүгінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінде жұмыс істейді, ал оның қызметі мен өнері бір-бірімен тығыз байланыста.

Қуат Ахметовтың ерекше қасиеті әскери әндер мен музыкалық шығармалар жазатын композитор ретінде танылуы. Осы саланың ішінде, әсіресе, әскери тақырыптағы әндердің аздығы белгілі. Міне, осы олқылықты Қуат өз өнерімен толтыруды мақсат еткен. Көптеген туындылары, әсіресе, әскери тақырыптағы әндері қызметіне деген патриоттық рухты арттырады. Оның «Полиция сарбаздары», «Ерлік, міндет, абырой», «Отан» сияқты әндері ел азаматтарының жүрегін тербейді, Отанға деген сүйіспеншілікті күшейтеді. Қазір ол шекара қызметінің тарихында ерекше орын алатын композитор ретінде танылып келеді. Ол өзінің әндері арқылы шекарашылардың күнделікті еңбегін, ерлігін, міндетін жоғары

бағалап, олардың рухын көтеретін шығармаларды дүниеге әкелді. Оның ең танымал туындыларының бірі – «Теңіз вальсі» әні, бұл шығарма 2024 жылдың тамыз айында ҚР ҰҚК ШҚ-нің авторлық конкурсында екінші орын алып, үлкен танымалдыққа ие болды.

Қуат Ахметовтың шығармашылығында әр әнінің шығу тарихы – оның ішкі сезімдерінің тереңдігі мен ойларының біртұтас бейнесі. Әндері, негізінен, әртүрлі өмірлік тәжірибелерден туған. Ол ән жазған сәттерде өзінің қызметі мен туындаған сезімдеріне сүйене отырып, терең мағыналы әрі көркем туындылар жасайды. Әрбір әні – оның өмірінің бір сәтінен, ойларынан, армандарынан тұрады. Аға композиторымыздың осы жылдар бойы 7000 аса тыңдарманы бар. Ал шығармашылығының саны 40-тан асады.

Әскери қызметін жалғастыра отырып, Қуат Ахметов



өнерімен шекара қызметіне деген жаңа көзқарас пен тың серпін әкелуде. Оның шығармашылығы – тек әндер мен музыкалық туындылардан ғана емес, бүкіл қызметін өнермен үйлестіре отырып, шекарашының өмірін терең әрі көркем түрде бейнелейтін туындылардан тұрады. Оның шығармалары, сондай-ақ, әскери әндер жанрын дамытуға ерекше үлес қосып, осы саланың болашақтағы бағытын айқындайды.

Ағымдағы жылы Қуат Ахметов өзінің жеке шығармашылық кешін Батыс

Қазақстан облысының барлық бөлімшелерінде өткізді. Бұл концерт оның өнеріне, әсіресе шекара қызметіне деген адалдығын, өнерге деген сүйіспеншілігін паш еткен ерекше оқиға болды. 25 жылдық шекаралық бақылау тарихына арналған бұл концерт көрермендердің жүрегін тербеп, өнер мен қызметтің үйлесімділігін тағы бір рет көрсетті.

Қуат Ахметовтың арманы – өзінің әндерін тек қана Шекара қыз-





метінің ішінде емес, сонымен қатар, Қазақстанның барлық өңірлерінде кеңінен таныту. Ол болашақта Николай

Растаргуев пен Олег Газманов секілді танымал әнші-композитор болуды армандайды. Бұл мақсат оған жаңа

шығармашылық шабыт беріп, алдағы уақытта көпшілікке ұнайтын тың туындыларды дүниеге әкелуге мүмкіндік береді.

Оның шығармашылығы мен қызметі – бір-бірімен тығыз байланысты. Әскери қызметтегі тәжірибесі оның әндерінде айқын көрінеді. Қуат Ахметовтың әндері тек әдемі әуен мен сөздерден құралмай, оларда шекарашылардың күнделікті өмірін, олардың ерліктерін, қиындықтарын көрсететін терең мағына жатыр. Ол болашақта да өз шығармашылығын жалғастырып, тыңдармандарына жаңа әндер мен туындылар ұсынуды көздейді.

Қуат Ахметов – Қазақстанның әскери қызметінде өнердің маңыздылығын түсініп, сол өнер арқылы шекара қызметінің қадір-қасиетін паш етіп келе жатқан бірегей тұлға. Оның шығармашылығы – біздің Отанымыздың ержүрек шекарашыларының рухын көтеріп, жаңа ұрпаққа патриоттық тәрбие беретін тамаша құрал болып табылады.

Суреттер отбасы мұрағатынан.




Лейтенант Тұрдақын Нариман ҮШІН ЕҢ МАҢЫЗДЫСЫ – ЕЛІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ,

ХАЛҚЫНА АДАЛ БОЛУ...

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ
подполковник

Қасық ауылы – қазақ даласының қасиетті бір бұрышы, тамыры терең тарихымен, құндылығы мол рухани мұрасымен ерекшеленетін мекен. Осы жерде, ата-бабасының аманатын арқалаған, ұлты мен жерін сүйген лейтенант Нариман Тұрдақын дүниеге келді. Бала кезінен туған жер алдындағы жауапкершілікті сезініп, елдің қамы үшін еңбек етуді мақсат тұтты. Оның бойындағы табандылық, жігер мен қайрат жас кезінен-ақ байқалды. Білімге құштарлықпен ұмтылған ол туған ауылындағы мектепті жақсы бағамен тәмамдап, үлкен өмір жолына нық қадам басты.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Арнаулы мақсаттағы басқарманың лейтенанты Нариман Тұрдақынның бала жастан елге қызмет ету – басты арманы болды. Сол мақсат оны әскери өмірге жетеледі. Әскер қатарында шыдамдылыққа, ерік-жігерге, тәртіпке үйренді. Алғашқы күннен бастап-ақ, аталған жолдың оңай еместігін түсінді. Әрбір қа-

дам, әрбір тапсырма жаңа сынақ болып, оның мінезін шындады. Қаруластары арасында өзінің еңбекқорлығы және батылдығымен ерекшеленіп, сенімді жауынгер атанды. Қызмет барысында әскери тәртіптің қатаң талаптарына бейімделіп, өзіне жүктелген міндеттерді мүлтіксіз орындап отырды. Уақыт өте келе, басшылықтың сеніміне кіріп, жауапкершілігі жоғары қызметтерді атқара бастады.

Әскери қызмет тек физикалық күшке ғана емес, интеллектуалдық дайындыққа



да негізделеді. Бұл қағиданы жете түсінген Нариман білімін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. Әскери тактика мен стратегияны меңгеріп, жан-жақты даму жолында талмай еңбектенді. Бұл оған кейінгі жылдары жауапты қызметтерге тағайындалуға үлкен мүмкіндік берді. Жауапты міндеттерді атқара жүріп, әрбір тапсырманы кәсіби деңгейде орындап, үлкен сенімге ие болды. Мұндай адал қызмет оны жаңа белестерге жетеледі.

Жауынгерлік өмірдің ең маңызды элементтерінің бірі – физикалық және моральдық дайындық. Ол спортпен шұғылдануды өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырды. Жекпе-жек өнеріне деген қызығушылығы Нариман Болатұлын тек мықты сарбаз ғана емес, республикалық деңгейдегі спортшы ретінде де танытты. Ол жекпе-жек сайыстарында өз шеберлігін көрсетіп, бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Мұндай жетістіктер оның тек әскери салада ғана емес, спортта да табысты екендігін дәлелдеді.

Спортта шыңдалған жігері қиындықтарға мойымауға, әрдайым алға ұмтылуға жетеледі. Әрбір жекпе-жекте қарсыластарының осал тұстарын тауып, өзінің айлакерлігімен жеңіске жетуді үйренді. Төзімділігі мен шапшаңдығы алға жетелеп, армандарына бір қадам жақындата түсті.

Әскери қызметтің ауыртпалығына қарамастан, өмірлік мақсаттарынан таймай, өзін дамыту жолында үнемі ізденіс үстінде болды. Көшбасшылық қабілеттері, кәсіби шеберлігі мен өзін ұдайы жетілдіру жолындағы еңбегі оның әскери мансабында жоғары деңгейге көтерілуіне ықпал етті. Лейтенант Нариман Тұрдақынның өмірі – нағыз ерлік пен еңбектің үлгісі.

Елі мен жерін қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы. Бұл қағиданы берік ұстанған ол әскери өмірде өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен орындап, әріптестері мен басшыларының сеніміне ие болды. Оның адалдығы, батылдығы, ұлтжандылығы – болашақ сарбаздарға үлгі боларлықтай. Ол әскери қызметке тек мамандық ретінде емес, өмірінің мәні ретінде қарады. Елдің тыныштығын, шекараның беріктігін сақтау жолында аянбай еңбек етті. Оның еңбегі бағаланып, құрметке ие болды.

Қызмет барысында көптеген сынаққа толы қиындықтармен де бетпе-бет келді. Ұйқысыз түндер, үздіксіз жаттығулар, жауынгерлік дағдыларды жетілдіруге арналған ауыр дайындықтар оның болаттай шыңдалуына себеп болды. Ол ешқашан өз-өзіне шектеу қоймай, әрдайым алға ұмтылды. Тәжіри-

бесін арттыра отырып, кейінгі жас сарбаздарға да тәлімгерлік етуді парызы санады. Оның жетекшілігімен бірнеше жас жауынгерлер кәсіби дағдыларын дамытып, өздерін жетілдіру жолында жаңа белестерді бағындырды.

Өмірдің әр белесі – жаңа сын. Ол әр сынақтан сүрінбей өтіп, өз жолын айқын қалыптастырды. Ол үшін ең маңыздысы – еліне қызмет ету, халқына адал болу. Оның әрбір жетістігі – қажырлы еңбектің, шыдамдылықтың, өз ісіне деген махаббаттың жемісі. Ол жастарға үлгі болып, олардың патриоттық рухын көтеруге атсалысып келеді.

Оның әскери өмірі – батылдық пен қайсарлықтың, адалдық пен жауапкершіліктің көрінісі. Лейтенант Нариман Тұрдақын өз мақсатына жету жолында аянбай еңбек етіп, талмай ізденді. Бұл қасиеттер оны тек жақсы сарбаз ғана емес, ұлтжанды азамат ретінде қалыптастырды. Оның тағдыры – әскери қызметке арнаған жандар үшін бағдаршам іспеттес. Ол әр қадамын елінің болашағы үшін жасады. Нариманның өмірі – ерлік пен



еңбекке толы ұлы жол. Ол үшін ең маңыздысы – туған жерінің тыныштығы мен бейбітшілігі. Елдің болашағы үшін күресуді, халықтың сенімін ақтауды ол әрдайым басты мақсат етіп қойды.

Бүгінде өз қызметін абыроймен атқарып, болашақ сарбаздарға үлгі болып келеді. Лейтенант Нариман Тұрдакынның қажырлы еңбегі, сарқылмас қайраты мен патриоттық рухы – әрбір қазақстандық азамат үшін мақтаныш. Өмір жолы тек әскери салада жүрген жандарға ғана емес, барлық жастарға үлгі боларлықтай. Бұл – қажырлы еңбек пен елге деген сүйіспеншіліктің арқасында жеткен жетістіктердің айқын көрінісі. Нариман Болатұлы еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтауға өз үлесін қосуды өмірлік парызы деп біледі, әрі осы жолдан ешқашан таймайды.

Суреттер жеке мұрағатынан.





АНА СӨЗІ – ЖҮРЕК СӨЗІ

Жамбыл облыстық «Анаға тағзым» орталығының өкілдері Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қарасты Жамбыл облысындағы шекара бөлімшелеріне арнайы сапармен барып, сарбаздармен нәтижелі кездесулер өткізді. Бұл жүздесулер – ел шебінде жүрген жауынгерлер үшін тек тәрбие сағаты ғана емес, рухани демеу, патриоттық сезімді нығайтуға арналған тағылымды шара болды.

Ассылан ЖЕКСЕНВИН
капитан

Мемлекеттің шекарасы – халықтың бейбіт өмірінің қалқаны. Ал оны күзету – ерлік пен адалдықты талап ететін жауапты міндет. Осы ауыр да абыройлы міндетті арқалаған шекарашылар үшін моральдық-психологиялық қолдау

ауадай қажет. Өйткені олар – туған ауылынан, анасынан, отбасынан жырақта жүрген жас сарбаздар. Күн мен түннің айырмашылығын сезінбей, сергек қызмет етіп жүрген олардың әр күні – жауапкершілік пен тәртіптің өлшемі.

Шекараның әр метрін қорғап тұрған жауынгерлердің жүрегінде туған жер-

ге деген шексіз махаббат, ата-анаға деген сағыныш бар. Әрқайсысы үшін бұл – өмір мен өлімнің арасындағы елеусіз сызық. Осы сызықтың шебінде тұрған сарбаздардың ертеңгі күнге деген үміті мен сенімін арттыру – қоғамның ортақ міндеті.

Жамбыл облыстық «Анаға тағзым» орталығы осы мін-

детті өз мойнына алып, шекаралық қызметте жүрген сарбаздарға рухани қолдау көрсету мақсатында маңызды бастама көтерді. Орталықтың өкілдері шекара бөлімшелеріне арнайы сапармен барып, сарбаздармен кездесулер өткізді. Бұл кездесу жауынгерлер үшін күтпеген тосынсый болды. Шекарашылар аналардың мейірімі мен жүрек жылуын сезіп, өздерін үйдегі жылы отаудай сезінді. Әскери өмірдің қатаң тәртібі мен ұзақ сағыныштан кейін, аналардың беттерінен көрінген мейірім жауынгерлердің жүрегін жылытып, өздеріне деген сенімін күшейтті.

Сарбаздар өз ойларымен бөлісіп, аналарға арналған жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Кейбірі өз анасына арнап хат оқыды, басқалары сөздермен ғана емес, әнмен де өз сезімдерін білдірді. Мұндай сәттер әр жауынгердің жүрегінде мәңгілік орын алады. Сол сәтте сарбаздардың жүзінен шынайы бақыт пен қуаныштың белгісі анық көрінді. Ана мен бала арасындағы байланыс ешқашан үзілмейді, ол әрдайым жүрек түкпірінде сақталады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз



ету үшін жанқиярлықпен қызмет ететін шекарашы сарбаздардың сағыныштарын басатын ең үлкен күш — анасының ақ батасы. «Анаға тағзым» орталығы осы маңызды рөлді өз мойнына алып, жауынгерлерге ерекше рухани демеу берді. Олар шекарадағы әрбір сарбаздың ішкі әлемін түсініп, оларды барынша қолдады. Бұл кездесу олардың Отан алдындағы адал қызметін жалғастыруға жігер берді.

Әскери қызметтің тәртібі мен қатал талаптары сарбаздардың жүрегіндегі ең



нәзік сезімдерге орын таба бермейді. Дегенмен, «Анаға тағзым» орталығы аналардың мейірімін жауынгерлердің жүректеріне жеткізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Әрбір сарбаз анасына деген сағынышын жанарынан, сөздерінен сездірді.

Шекара — бұл жай ғана белгіленген сызық емес, бұл — елдің айбыны, мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұрақтылығының тірегі. Оны күзету тек әскери дайындықпен ғана өлшенбейді, бұл — жан-тәнімен берілген нағыз ел жанашырының ісі. Осы қасиетті міндетті арқалаған жас сарбаздарға ру-

хани қолдау көрсету — қоғамның ортақ борышы. «Анаға тағзым» орталығының бұл игі бастамасы шекарашылардың өз парызын терең сезінуіне, әскери қызметке деген құрметінің артуына ықпал етті.

Ана мен бала арасындағы байланыс ешқашан үзілмейді. Сарбаздар осы кездесулерде аналардың мейірімін, жүрек жылуын сезініп, Отан алдындағы адал қызметін жалғастыруға деген ынта мен жігерді арттырды. Жауынгерлер бұл кездесулердің арқасында өздерінің қызметіне деген құрметін жаңаша түсініп, әрбір қадамдарын сеніммен аттады.

Анасы мен отбасының демеуі сарбаз үшін ең үлкен күшке айналды.

Жүздесудің соңында сарбаздарға арнайы сый-сияпаттар табысталып, естелік суреттерге түсті. Бұл күн жауынгерлердің есінде ұзақ сақталары сөзсіз. Өйткені ананың жүрек сөзі мен мейірімі сарбаздың рухын асқақтатады, жүрегіне жылу сыйлайды.

Бұл сапар — патриоттық тәрбиенің жарқын үлгісі, ел бірлігін, рухани құндылықтарды дәріптеген тағылымды кездесу болды. Елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін күзетіп жүрген шекарашы сарбаздар рухани қолдау алып, туған жерге, ата-анаға деген сағыныштарын бір сәт болса да басып, көңілдеріндегі қуаныштарымен бөлісті.

Ананың ақ батасы, отбасының сүйіспеншілігі мен халықтың сенімі — сарбаз үшін сарқылмас күш. Бұл — олардың болашақта да Отанға адал қызмет етуіне себепкер болатын қасиетті сезім.

**Суреттер
департаменттен.**



Ерлік пен елдік үлгісі - Малайсары батыр



**МАЛАЙСАРЫ БАТЫР
ТОҚТАУЫЛҰЛЫ**

Гүльзада САДЫКОВА
майор

*«Батыры ханга сай
болды,
Елің жайпақ бай болды.
Салқын сары бел болды,
Елге лайық ер болды!»*
– деп жырлап, қаһарман
жырларымен халық есінде
қалған Үмбетей жыраудың
жырға тиек еткен Абылай
заманында алты алашқа
аты шыққан әрі қол бастар

батыр, әрі сөз бастар ше-
шен, әрі жердің дауын
жеткізіп айтар би, әрі екі
елдің арасын біріктіретін
елші болған – Малайсары
батырдың ерлік істері
мен елшілік қызметтері
ел еңсесін тіктеген тұста
жан-жақты насихатта-
луға әбден лайық.

Қазақ тарихында ел мен
жердің тұтастығы үшін
аянбай еңбек етіп, жан-
жақтан анталаған ірілі-

ұсақты елдермен қарым-қа-
тынаста білекті де, білімді
де қатар жұмсау арқасын-
да кең байтақ жерімізді
аман алып қалған ұлы хан
– Абылайдың сенімді серігі,
ақылшы досы, сөз ұстар
биі болған Малайсары XVIII
ғасырдағы қазақтың қоғам
және мемлекет қайраткері,
мәмілегер елші, қазақ дала-
сының шығыс, оңтүстік-
шығыс, солтүстік бөлігін
жоңғар қамытынан азат
етуіге зор үлес қосқан көр-
некті тұлға.

Ел басына күн туған,
ер етігімен су кешкен ал-
мағайып заманда «елдің
шетін жау баспасын деп,
басынан сөз аспасын»
деп, «егеулі найза қолға
алып, еңку-еңку жер ша-
лып», шекара шебінен ары
асып, жау ордасына ел-
шілікке жүріп, батырлық
істерімен қатар бітімгер-
лік қызметтерді де аса
ептілікпен атқара білген ел
мақтанашы – Малайсары
батыр Тоқтауылұлы Орта
жүз Арғынның Жетімомын
тармағынан тарайтын
Бәсентиін руының даңқты
батыры һәм биі.

Тарихи деректерге сәй-
кес ол шамамен 1700-1756
жылдар аралығында өмір
сүрген. Әкесі Тоқтауыл да
батыр, балуан болса, анасы
Мөлдір қалмақтың қызы, ал

қарындасы Гаухар атақты қолбасшы, қазақтың бас батыры Қаракерей Қабанбайдың жары. Ел арасында ұлы батыр Малайсарының туган жылы туралы әр қилы пікір бар. Көптеген оқулықтар мен әдебиеттерде 1700 жылы деп көрсетіліп жүрсе, кейінгі кезде батыр өмірін зерттеуші ғалымдар 1708 жылы деп тануды нақтылап жүр. Мәселен, ғалым Ерлан Арын: «Малайсары 1708 жылдары Сырдың бойында Түркістан атырабында туып, кейін Арқаға көшкен», – деп жазады. Батырдың бауырларына Бағыс, Қарнақ аттарының қойылуын Малайсарының Сыр бойында туганына дәлел ретінде келтіреді.

Батыр туралы алғашқы деректер қазақтың біртуар арда азаматы, саяхаттанушы, этнограф ға-

лым Шоқан Уәлихановтың жазбаларында кездеседі. Ғалымның «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында Абылай аса жоғары бағалаған батырларының ішінде Малайсары есімі аталады. Бұл қазақ тарихындағы батырға қатысты алғашқы жазба деректің бірі. Абылайдан: «Үш жүздің батырларының ішінде бәрінен жақсы көріп, құрмет тұтатыныңыз кім?» деп сұрағанда ол былай деп жауап беріпті: «... Өз батырларымның ішінде байлығы мен батырлығы, мінезі жөнінен бәсенің Малайсары бәрінен артық» (Орыс тілінен аударған Сарбас Ақтаев).

Сондай-ақ, Шоқан ел бірлігі мен жер тұтастығын ту еткен Малайсары батырдың қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, екі

хандық арасында бейбіт бітім жасау саясатын ұстанғандығын атап өтеді. Онысы жоңғарларға қазақтың елшісі болып барғанынан аңғарылады. Шоқан зерттеулерінде Малайсары батырға жоңғар қонтайшысы Қалдан Сереннің «Тархан» атағын беруі жайлы да сөз болады. Қалмақ тілінде «тодо бичиг» деп жазылған құнды жәдігер – грамотадағы төте жазуды Шоқан Малайсары ұрпақтарынан алып, туысы Абылай Ғаббасұлына оқытқан. Қазақ тарихында «тархан» атағын алғаш Шақшақ Жәнібектің Ресей империясынан, ал Малайсарының Жоңғар мемлекетінен алуы екі тұлғаның да ел мен елді бітімгерлікке үндеген, екі жақтың да мүдделеріне сәйкес келісім жасауларына мұрындық болған саясаткер, мемле-



ЖОҢҒАР АЛАТАУЫНДАҒЫ МАЛАЙСАРЫ ЖОТАСЫ

кет қайраткерлері болғандығының анық көрінісі. Өкініштісі, батыр Малайсары да, ғалым Шоқан да атамекендері Сарыарқа төсіне жете алмай, Жетісу даласында көз жұмған.

Батыр турасында тың деректер келтірген кемеңгер Мәшһүр Жүсіп өз жазбаларында «Осы Малайсары өз заманында ірі, дөкей батырдың бірі есепті болған», – десе, Жеңіс Марданов: «Малайсарының түр келбеті батыр ұрпақтарының ата-бабаларынан естіген деректері бойынша кең иықты, ұзын бойлы, алқымды, шекелі, мұрынды болыпты», – деп сипаттайды.

Қарт тарихқа көз жүгіртсек, Қалдан Сереннің өлімінен кейінгі жоңғар мемлекетіндегі қырқыстар, Дауацы мен Әмір-сананың Абылай астынан пана табуы және кейіннен қазақ батырларын бастап өз елін шабуы туралы деректер сақталған. Шекара түбіндегі Қайып батырға елші жіберіп, бейбітшілікті сақтауды тапсырған Малайсарының өтінішін Қайып қабыл алмайды. Малайсары бұл оқиғаларда Абылай хан сияқты бейбіт саясат ұстанып, бітімгерлік танытады. Осы тарихи көрініс негізінде Мәшһүр Жүсіп батыр өмірінің соңы туралы елаузында сақталған ескі аңызды жазып қалдырады. Онда Абылай ханның қолқасымен қазақ-қалмақ соғысына қатысқан Малайсары батырға шайқастың бірінде оқ тиіп, жараланады. Абылай батыр қосынын кері ше-



БАТЫР БАБАҒА ҚҰРМЕТ

гіндіріп, жарасын емдеуді қатаң тапсырады. Алайда жарасы асқынған Малайсары Жетісу жерінде жан тапсырады. Ол жайында ғалым Ерлан Арын: «Алтын емел тауының бір сілемінде Малайсары батыр оққа ұшты. Сол заманнан бері бұл жота Малайсары атанады: биіктігі 1446 м, батыстан шығысқа қарай 100 шақырымға созылып жатыр, ені 10-20 шақырым. Жоңғар Алатауының басталатын тұсы да осы жер», – деп жазады.

Сахарадағы қоғамдық және рухани өмірде көсемдігі мен шешендігіне бола Абылай хан Малайсары батырдың өр мінезі мен өткір ойын, ақылы мен қайратын жоғары бағалаған. Себебі, Малайсары ел қанды қырғаннан мезі болып, титықтаған тұста қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, етек-жеңді жинау мақсатында екі хандық арасында бейбіт бітім жасау саясатын ұстанды. Кең даланы анталаған жаудан аман алып қалу, тұрмыстық өмірдегі

ішкі кикілжіңдерді шешу мәселесінде батыр әрқашан хан қасынан табылып отырды. Малайсарының тұлғалық кемел өресі мен ерен ерліктері шешімі қиын күрделі түйіндерді шешуде Абылайға ой қосып, көркем келісімдер табуға ықпал етті. Атадан балаға мирас болған кең даланы жаудан толық азат ету, исі қазақты сол жолда бірлікке шақыру, ерлікке үндеу жолында атқарған Малайсары бидің еңбегі мол. Бұл батырдың ерлігімен қатар, сол замандағы қазақ қоғамының саяси бағыт-бағдарына, өзекті мәселесіне, идеологиялық ұстанымына сай келетін біртұтас ел болу мүддесін айқындайды. Осылайша ерлерге ұйтқы, ханға ақылгөй болған батыр еңбегі ел аузында аңызға айналған.

Өзі батыр, өзі би Малайсары туралы тарихи деректер мен мақалаларды, көркем әдебиеттердегі мәліметтерді зерделей келе, біртуар тұлғаның қазіргі егемен еліміздің мемлекеттік мүддесі мен қоғамдық-саяси, идеологиялық бағытына сәйкес еңбектерін атап айтсақ:

- ең алдымен, әрине, ерлік істері. Яғни Отанын, елін, жерін жаудан қорғау жолында еткен батырдың ерен еңбегі;

- Малайсарының қазақ-қалмақ арасында бітімгерлікте жүріп шекара шебін шегендеу, жер тұтастығын сақтау жөніндегі көптеген мәселелерді қантөгіссіз, дипломатикалық қарым-қатынаспен шешу жолында атқарған елшілік қызметі;

- барша жұртты бір тудың астына бірігіп, бас қол-

басшы – хан Абылайдың қасынан табылуға шақыруы, бірлікті ту етуі;

- Малайсары бидің ел ішіндегі қоғамдық-тұрмыстық өмірде дау-жанжалдарға қатысты әділ шешімдер қабылдау арқылы әділетті қоғам орнатуға талпынысы;

- өзінің өткір тілімен, шешендік өнерімен, парасатты ой-санасымен жастарды ел қорғаны, шекараны берік ұстар азамат болуға үндеуі.

Ескіше хат таныған сауатты тұлға ретінде өзінің біліктілігін, бар қуатын аумақтық тұтастықты сақтауға жұмсаған батыр еңбектері - ішкі саяси өмірдегі ел басқару ісінде бірлікті сақтауға, шекарасы шектес мемлекеттермен өзара мәселелерді жанжалсыз шешуге, екі жаққа да тиімді деңгейде келісімге келуге бағытталған қазіргі Қазақстан Республикасының әскери қорғаныс доктринасына сәйкес келеді. Сондықтан еліміздің жастарын, Шекара қызметі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық ұлан сияқты қауіпсіздік саласында қызмет атқаратын жеке құрамды, сарбаздарды отанышылдық рухта тәрбиелеу ісінде батырдың ерен еңбектерін насихаттау біздің басты мақсатымыз болмақ.

Осыған орай, қазіргі Павлодар облысы, Май ауданындағы Малайсарының туып-өскен жеріне және оның мерт болған Жоңғар Алатауының батыс сілеміне батыр есімі берілген. Павлодардағы және облыстың көптеген елді мекендеріндегі көшелер батыр есімімен аталып, 2016 жылы Павлодар қаласында Малайсары ескерткіші орнатылған.

Белгілі кәсіпкер, ұлт құндылықтарының жасанашыры - Қуат Есімхановтың батыр баба ерлігін дәріптеп, Алматының Кербұлақ ауданында орнатқан ескірткіш тасы

Қазақ тарихындағы қанмайdan ұрыстармен сантүрлі саяси оқиғаларға толы болған әрі тарих сахнасында ел мен жердің тұтастығы үшін қилы кезеңдерді бастан кешірген XVIII ғасырдағы ел басқарған тұлғалар, соның ішінде жеке басының қамынан ұлттық мүддені жоғары қоя білген ержүрек қолбасшы, елшілік қызмет пен бітімгерлік мәміленің биік өресін көрсеткен білікті мемлекет қайраткері, қара қылды қақ жарған әділ сөздің иесі - Малайсары батыр хақындағы мақаламды мына өлең жолдарымен аяқтағанды жөн көрдім:

**Талай майдан көрген
мынау бөктерлер,
Ата-бабам қан мен
терін төккен жер.
Арқасында ерлігімен
батырдың,
Азат болды Балқаш,
Зайсан, Сексенкөл.**

**Хан Абылай, Бұқар жырау
– ұлылар,
Бөгенбай мен Жәнібектің
құны бар.
Біздер үшін кең даламды
қорғаған,
Бабалардың өсиетін
ұғып ал.**

**Арманы мен мақсатына
жеткендер -
Елі үшін жанын пид
еткен ер.
Малайсары, ер Қабанбай
атаңды,
Келер ұрпақ ұмыт қылып
кетпеңдер!**



ЖӘНДЕЛІ ҚЫЗ...

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА
әскери журналист

Шекара шебінің әрбір тасы мен әрбір сүйемі қастерлі. Бұл – туған еліміздің шекарасы болғаны үшін ғана емес, батыр бабаларымыздың ел шебіндегі ерліктерінің ізі жосылып жатқаны үшін... Тағы... сол батыр бабаларымыздың ішінде ерлермен иық тіресе жүріп, туған жерінің әрбір сүйеміне жаудың табанын тигізбеген «Ақ боз атты арулардың» болғаны да тарихтан белгілі. Егер бейбіт заман болса сақ патшайымы Томиристен бастап, қазақ қыздарының да өмірі басқаша өрілген, отбасы бақытын бәрінен де биік қоятындары бек мүмкін еді... Солардың бірі Жәнделі қыз...

Зайсан өңірі де тарихқа тұнып тұр. Тауы мен тасын сөйлетсең, қалмақ пен жоңғарға қарсы шапқан батырларын, ел үшін туған ерлері туралы сыр шерткен болар еді. Өзінің тауы... Бұл өңірдің мен білетін Жоңғар Алатауындай емес, өзгеше. Көп қиындық көріп, басынан небір зобаланды кешірген қазақ үшін жаны ауырды

ма қабағы қатқыл. Қатал әкенің алдында жаутандап тұрған бала секілді сезінесің өзінді... Бұл – менің ойым, тауы жерде туып, өзінің Алатаудай сымбатты да сұлу тауы бар Алматыда жоғары білім алған, мамандығының арқасында туған жерінің төрт бұрышын жиі кезетін журналистің пікірі. Ұшаралдың кіреберісінде тұрған Қабанбай батыр, менің ауылыма баратын жолдың үстіндегі Алпамыс батыр, Қызылорда шекара отрядына қарайтын «Қызылқұм» шекара заставасының атын еншілегеніне де көп болмаған Жанқожа батыр... Енді оларға жақында Жәнделі қыз қосылды.

Қазақ халқының Жәнделі атты батыр қызы болғанын Зайсан халқы өте жақсы біледі. Өкінішке орай, біз – әскери тілшілер мойындауымыз керек, шекарашылар қызмет атқаратын таудың әрбір сай-саласының тарихқа тұнып тұрғанын білмейтінімізді. «Жәнделі қыз» сайы да солардың қатарында...

2019 жылдың қыркүйегі. Қазақстан Жазушылар Одағының атынан бір топ ақын-жазушыларымыздың сол кездегі Зайсан шекара отрядында болып, шекара қалқандарымен қауышқан. Сол жолы бойларына ерекше дарын қонған дара қонақтарымыз жергілікті халықпен де кездесіп, мәдениет үйінің сахнасында еркін көсілген. Әсіресе Биғайша Медеу деген ақын апамыздың «Ақбоз атты арулар» атты жыр жолдарын халықпен бірге біз де сілтідей тынып тыңдадық... Тұмар ханшадан Бопайға дейінгі тоғыз батыр қыз туралы жыр толғаған ақын сол жолы өз тыңдарманының жандүниесіне рухани қопарылыс жасап еді...

«Шілікті» шекара комендатурасынан шығып, әскери бөлімді бетке алған біздің әскери көлігіміз бір сайға жете беріп кілт тоқтады. Тоқтаған біз емес, бізді тоқтатқан... Себебі бұл – қазақ халқының маңдайына сыймай кеткен Жәнделі де-


ген батыр қыздың атындағы сай болатын.

Беліне байлаған қылышы, қорамсағы толы жебе, қолына садақ ұстаған батыр қыздың тұлғасы ерек. Ауыздығын қарш-қарш шайнаған арғымағы аспанға шапшыған батырдың тұғырдағы ескерткішіне мүлде ұқсамайды. Қарапайым. Бірақ осы тұрсының өзі қыздың бейне бір қалың жаудың алдында қасқайып тұрғандай әсер береді. «Келсең кел» деп тұрғандай... Сөйтсек, өзі де солай екен. Атадан айналып балаға жеткен аңыз осылай дейді. Тыңдаңыз.

«Елімізге жоңғар-қалмақтар көз тігіп, қазақ жерін басып алмақ болады. Қалдансерен, Қоңтәжі Ақ Ертіс, Қара Ертіс жерін өртеп, халқын қырып, жерді жаулап алады. Керей, Найман қолдарына найза, тал садақ, айбалта алып, жауға қарсы аттанады. Ауылда бас көтерер ер-азамат қалмайды. Осы кезде он алты-он жетіге келген Жәңделі қыз шарттасу, жамбы атудан талаптылардың жолын кесіп отырған.

Жәңделі қыз – аң маңдайлы, ай қабақты, екі көзі жарқылдап, хордың қызы сияқты болған. Жәңделі тәуекелге қадам басып, елімен ақылдасып, айналадағы ауылдардан жігіттерді жинатып, қалмақтарға қарсы шығады. Батыр қыз жинаған мың қол ауылдағы Қара батырдан бата алып, жауға аттанады.

Жәңделі сарбаздарын: маңдайлы, оң қанат, сол қанат деп үш топқа бөледі де, Сабырбай батыр бастаған қолды тікелей шабуылға қосады. Қыздың атын ұран еткен жауынгерлер кикү-



лап, алдыңғы шеппен араласып кетеді. Біреуі найзасын, екіншісі айбалтасын алып, жауға шабады. Қалмақтар қазақтардың шебінен өтіп кете алмайды. Қалмақтар жеңіле бастағанын біліп, Қоңтәжі қазақтың батырын жекпе-жекке шақырады. Жәңделі жаудың бұл шақыруын қабылдап, атойлап алға шығады. Өзіне

сенімді болған қалмақ найзасын оқпантайлап, бірінші кезекті алады. Бірақ Жәңделі қыз Қоңтәжінің найзасын бір қаққаннан-ақ ұшырып түсіреді. Сөйтіп қарусыз қалған қарсыласына қыз қаруын қайтып жұмсамайды. Сол кезде кезегін жібермей, қалмақ қылышын алып, Жәңделіні осып өтеді. Ол аттан аударылып құлаған



кезде қалмақ қыздың бұрымын көріп қалады.

Сонда барып өзінің қызбен жекпе-жекке шыққанын түсінген Қонтәжі қолындағы қылышын жерге түйреп, көпшілікке былай дейді: «Менің алдағы күндерім уайыммен өтеді, өйткені бұрын әдетте болмаған әйелге қару көтердім, енді қалған өмірімде мазақ болып өтер-

мін», - деп әскерлеріне бет алып, сайды өрлей қашады.

Халық Жәнделі қыздың сүйегін алысқа әкетуге қиямай, көш жолына жақын қойды. Туған елінің бостандығы үшін жауға қарсы шапқан батырды мәңгі есте сақтау үшін сайға «Жәнделі қыз» деп ат берді».

Жәнделі қыз туралы Ноғайбай ақын былай деп

жырлаған:

*Гүліндей жсауқазынның
нәзік жүзі,
Халқымыз ұмытқан жоқ
асыл қызын.
Адамзаттың аққуы
Жәнделінің,
Жауға аттанған
Сауырдың жсатыр ізі.*

Міне, қалмақ шапқыншылығы кезінде ерлігімен, тапқырлығымен аты шыққан

қыздардың бірі – Жәндәлі батыр туралы аңыз осылай дейді.

... Әскери «Уазды» жолдың шетіне қаңтарып, өзіміз батыр қыздың алдына жаяу келдік. Ары-бері өткен жолаушыны байсалды қарсы алып, сабырлы шығарып салып үйренген батыр қыз бізді де үнсіз күтіп алды. Риза болғанымыз, мұнда батырдың атын ұлықтауға арналған бір сыпыра жұмыстар жасалыпты. Жолаушылар демалу үшін ағаштан ойып жасалған күрке, сылдырап ағып жатқан бұлақ... Томирис патшайымның батыр сіңлілерінің бірі – Жәндәлі қыздың үш ғасыр бұрынғы ерлігін ұлықтаған сайдан біз қалың ойдың құшағында аттандық... Себебі біз қазақ халқының ақын апамыз жырлаған «Ақ боз атты аруларының» бірімен кездескен-дік. Туған еліміздің інжулерінің бірімен.

Асыл сөз іздесең...»

Мен шекарашымын. Мені шекараға ғашық еткен де ең алдымен өзімнің өмірлік етіп таңдаған мамандығым. Қазақтың еркін ойлы жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «Титан» дейтін мақаласында мынадай сөздер бар: «Алып Әуезов қазақ өмірінің энциклопедиясы «Абай жолын» қолымызға ұстатып кетті. Олай болмағанда бүгінгі қазақ өткенімізді жоғалтып алатынымыз ақиқат еді.

Мұхтар Әуезов қазақ жұртының бір ғасырлық ғұмырын асқан шеберлікпен суреттегенін айрықша атауымыз қажет.

Әбіш Кекілбаев ұстазының үлгісін жиырмасыншы

ғасырдың соңына дейін жеткізді.

...90-шы жылдардың бас кезі. Қазақ халқының маңдайына біткен дара оқу орны – әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің қабырғасы. Сол кезде біз – журналистика факультетінің жоғары курс студенттерін кітапхана мен университеттің арасына «дедектетіп» қойған бір пән болатын. Бұл қазақ әдебиеті – әсіресе менің ең сүйікті пәнім еді. Неге? Мұның тарихы тым әріде жатыр...

Өзге пәндерде тып-тыныш отырып, алты ай сайын айналып соғатын сынақтар кезінде ғана қапылуға кірісетін студенттерге керісінше нақ осы қазақ әдебиетінен дайындалудың қажеті болмай қалатын... Ал мұның түп-төркіні біздің кітапхана мен университет арасындағы тынымсыз «жортуылдарымызда» жатыр... «Жортуыл» болғанда да қандай?! Өзі де солай етуге тұрарлық еді. Осының барлығы бізге осы пәннен дәріс берген оқытушымыз Жұмағалиевтен (өкінішке орай, есімін ұмыттым) басталған. Оқытушымыз алдымен қазақ әдебиетінің марғасқалары мен олардың еңбектері туралы лекция оқыды. Айту керек, жазушының әрбір кітабын жіліктеп, шағып берудің нағыз шеберімен кездескендей әсерге бөленгенімізді несін жасырайын... Тіпті өзінің «сын семсерін» қынабынан суырып алып, атақты классик жазушыларымыздың еңбегін өткір сөзбен «турағанда» еріксіз «Ойпырмай, шынында солай екен-ау, қалай байқамағанбыз? - деп, өзіміздің еріксіз

таңдай қаққанымызды да сезбей қалушы едік.

Міне, осындай қызықты да әсерлі өтетін дәріске нақты себебі болмаса, курстың барлық қыз-жігіттері бірі қалмай қатысуға тырысатын. Ал көп ұзамай, дәріс уақыты бітіп, семинар басталған кезде оқытушымыз енді бізге кітаптардың сала-құлаш тізімін беретінді шығарды. Мәселен, бір атақты жазушының пәленбай кітабын... Осы кітаптарды келесі сабаққа дейін оқып шығуға тиіссің. Асықпай түсініп, бар ынтаңмен... Көз жүгіртіп қана шықсаң біттің, онда сессия кезінде «автоматты» түрде алатын бестіктен құр қалғаның. Осыны ести салып, кітап оқуға жанын сала кіріскен студенттердің қатарынан ойып тұрып орын алғанымды ішіңіз сезіп отырған болар...

... Барлығы Мұқтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқудан басталды. Алдымен бірінші томдығын. Сосын біртіндеп қалғандарын... Өйткені, қойылатын талап ерекше. Сұрақ – сен оқыған шығарманың кез келген жерінен беріледі. Бұл – ең алдымен сенің кітапты тиянақты оқып шыққаныңды тексереді. Сондықтан кездейсоқ сауалға бойында бес қаруы түгел батырша дайын болуға тиіссің... Әрине, мұның өзіне – болашақ журналистің тіл байлығына тигізетін көмегі ұшан-теңіз екені де белгілі.

... Алдымен бізді мектептегідей бірнеше топқа бөлген оқытушымыз енді тапсырма беруге кірісті. Мысалы, ішінде осы мақаланың авторы бар бірінші топқа жүктелген тапсырма: «Абай жолы»

романындағы жас Абайдың Тоғжанмен ең алғашқы кездесуі». Қолымызға берілген тілдей аппақ параққа сол кездесудің қашан, қандай жағдайда болғанын жазуға тиіспіз. Ойланып-толғанып, яғни Абай мен Тоғжанның жүректерін дір еткізетін айрықша сәттерін еске түсіру, сосын мұны маржандай етіп қағазға жазу – бәрі-бәріне бес-ақ минут уақыт беріледі. Сол-ақ екен, болашақ журналистер жанталастан біртіндеп «жанкешті жұртқа» айналады.

Жоқ, өзіңіз ойлаңызшы, Мұханның қалың томдығындағы Абайдың алғашқы махаббатымен бірінші кездескен жері қапелімде еске келе қойса жақсы?.. «Ал бастандар!» деген команда берілісімен, сытырлай жөнелген қағаз бен күбір-сыбырға қоса, тапсырманы бес минутта орындауға тиісті екенің де сенің дегбіріңді тауысып бітеді. Ал осыдан кейін «Абай мен Тоғжанның...» деп күбірлеп отырғаныңда бес минуттың да қалайша өтіп кеткенін сезбей қаласың.

Дегенмен, сол жолы осы мақаланың авторы сыннан сүрінген жоқ еді. «Қалам өзімдікі, қалай жазсам да өзім білемге» салып отырған жоқпын. Шындық жағдай. «Абай мен Тоғжан... ойбай-ау олар қай жерде кездесіп еді?...» деп отырған кезінде, қалың бұлттың көп жыртықтарының бірінен жарқ етіп көрінген күн секілді «Абай мен Тоғжанның ең бірінші кездесуі – болашақ ақын һәм пәлсапашының аңға шығып, боранға қалып қойған кездері алдарынан шыққан ауылда болғанын»

есіңе аласың. Алайда қуанып, қолыңды шапалақтауға (сен сабақта отырсың) болмайды, тапқан «жаңалығыңды» дереу аппақ қағаздың бетіне түсіруге асығасың. Есесіңе, келесі жолы сені «сұрақтың жауабын дұрыс тапқаның» туралы студент үшін ең тамаша жаңалық күтіп тұрады.

Бәрінен де осылай ету арқылы оқытушымыз Абайдың өміріндегі ең бір тамаша да айтулы оқиғаларды біздің санамызға өшпестей етіп салып беріп еді...

Менің Абай – қазақтың дана да дара Абайымен нағыз таныстығым осылай басталған болатын. Себебі осыған дейін қанша жерден тырыссам да Мұхтар Әуезовтің әлемге әйгілі эпопеясына «тісім батпай» қойған. Есесіңе, өзімнің іздеген асыл сөздерімді Абайдан тапқанымды несін жасырайын...

Мың шейіт

Иә, «Мыңшейіт». Естіген боларсыз? Еліміздің оңтүстіктегі шекарасында қызмет атқарған, қызмет атқарып жүрген шекарашылар мың шейіт туралы жақсы білуге тиіс.

Осыдан бірнеше жыл бұрын журналистік іссапармен ҰҚК Шекара қызметінің қазіргі Түркістан облысы бойынша департаментінің Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қасқасу» шекара бөлімшесіне жолым түскен.

Бұл – табиғаты ерекше сұлу жер. Таудың етегінде. Іргесінде таудан құлап аққан Қасқасу өзенінің сарқыраған үні күндік жерге жететіндей, құлаққа тым айбарлы

естіледі... Көктем шыға салып, жасыл желекке орнатын Қасқасу ауылының тағы бір ерекшелігі... мұнда «Мың шейіт» деп аталатын көне дәуірден жеткен қорым бар.

... – Мың шейіт?..

Шекара бөлімшесінің қақпасынан шығып, тауға аппаратын соқпаққа бұрыла салысымен, желмен жарысқа түскен «Уазиктің» терезесінен сыртқы дүниенің сұлулығын тамашалауға кіріскен мен елең ете түстім.

– Иә, Мың шейіт! – офицер қайталады. Сосын:

– Сіз журналиссіз ғой. Сондықтан қызықтырады деп ойлаймын, – деп қосып қойды.

Мен күлімсіредім. Әрине, қызықтырады. Әулие ағаш, Айғайкүм, Қырық қыз шатқалы, Тамшыбұлақ. Осылай жалғасып кете беретін тізімге бүгін Мыңшейіт қосылды.

Атауы да ерекше екен, өзінің... Орайы келіп тұрғанда «аттың басын еркіне қоя бердім»:

– Айтыңызшы, неге Мың шейіт?

– Тілші ханым, шынымды айтсам, менің бұл жөнінде білерім аз. Сонда да хал-қадірімше айтып берейін...

Әскери жүрдек көлік жүргізушісінің қасына жайғасқан офицер ойын жинақтап алғысы келгендей, сәл үнсіз қалды да сосын әңгімесін бастады:

– Көне дәуірде мың әскер болыпты дейді. Өздерін жау еш ала алмай-ақ қойыпты. Шайкаста өмірі жеңіліп көрмеген сарбаздарды тек айламен ғана қолға түсіре алатынын білген жаудың қолбасшысы көп ұзамай ақыры жолын тауыпты деседі...

Сөйтсе, күні-түні аттан

түспейтін мың сарбаз намаз оқығанда ғана қауіп-қатерді бір жолата ұмытатын көрінеді. Міне, осыны жансыз арқылы біліп алған жау намазда тұрған мұсылмандарды артынан келіп, шауып өлтіреді. Осылайша, намаз үстінде қаза болғандар жерленген жерге «Мың шейіт» деген атау беріліпті.

Қандай қайғылы еді... Мен бұл кезде үстімізден төніп тұрған Сайрам шыңына көз салдым.

Қызық-ай, мына тау тағы қандай сырларды ішіне бүгіп жатыр?.. Дәл қазір мен басып тұрған жер осыдан талай ғасыр бұрын қандай болды екен?.. Мүмкін мен де жаңа ғана шекарашы әріптесім айтқан мың сарбаздың арасында тұрған болармын... Ауылдың іргесінде қыздың қос бұрымындай болып ағып жатқан қос өзен – Қасқасу мен Сайрамсу – сендер не дейсіңдер?.. Сендердің аққандарың күні кеше ғана

емес қой. Ендеше шекарашы журналисті қызықтырған мың шейіттің ауыздықтары алынбаған арғымақтары сендердің салқын суларыңды сімірген болар!.. Сан тармақталған ой алға қарай жетелей түседі.

...Шекарадағы мың-сан жұмыстың сәл саябыр тапқан тұсын пайдаланып, Мың шейіт қорымына бардық. Сайрамсудың жағалауында орын тепкен Мың шейіт әудем жерді алып жатыр екен. Қорымның қасына бау-бақша егіліп, келіп-кетушілер үшін мешіт, зияратхана салыныпты.

Бір байқағаным, осы өңірдің халқы өздерінің көне тарихи орындарын көздерінің қарашығындай сақтап қана қоймайды, айналасын жайнатып жібереді. Бау-бақша, жұпар иісі мұрын жарған тамаша неше түрлі гүлдер. Құрмет. Халқының ары мен ождан, жігері мен намысы, болашағы үшін жандарын

құрбан еткен батырларға құрмет. Мың шейіт туралы осылай деп ой түйдім.

Біздің өтінішімізді жерге тастамаған ауыл үлкендерінің бірі қорымның қақпасы алдында тізе бүгіп, мың шейітке құран бағыштаған соң үстімнен ауыр жүк түскендей болғаны бар емес пе?..

...Жолдамамен барған, қызмет бабымен оңтүстіктегі Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасына ауысқан шекарашы әріптестеріміз бастап, біз – тілшілер қоштап, туған еліміздің тарихи орындары туралы көбірек біліп, көбірек қалам тербесек, нұр үстіне нұр.

Мың шейіт. Аты қандай айбарлы еді десеңізші.

...Ел шебінен оралған бетте мен өзімді шекарамен таныстырып қана қоймай, Мың шейіт туралы айтып берген шекарашы офицерге алғыс айтып, оның күшті қолын құшырлана қыстым.

Офицердің ақылды көздері күлімсіреді...

Автордан: «Өзінің мамандығын жанымен сүйетін журналистер – қаламы қарымды тілшілер тұрғанда, «шекара новеллалары» жазыла береді. Мен газет пен журналдың сол қолмен сүйкей салуға болатын мақалаларына бола өзін «жазушы» санайтындарды айтпаймын. Іссапармен шекараға барған сайын ел шебінің тұрғындары білетін аңыз-әңгімелер мен өздері бастарынан кешірген оқиғаларды қойын кітапшасына сықай толтырып әкелуді дәстүрге ғана емес, тілшілік міндетіне айналдырған әріптестерді айтамын. Жазар көбейсін!



